

ЖШС «Қалдықыз ана» бөбекжай балабақшасы

БЕКІТЕМІН

«Қалдықыз ана» бөбекжай

балабақша меңгерушісі:

М.Б.Усербаев



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бағдарламасының мазмұнын іске асыруда «Ертегілер елінде» тақырыбы бойынша «Балдырған» ересек тобының вариативтік компонент жоспары

2020-2021 оқу жылы

«Балдырған»ересек тобы 2020-2021

«Ертегілер елінде» вариативтік компоненттің тақырыптық жоспары

*Мақсаты: Ертегіні түсіндіру барысында сөздік қорын сөйлеу мәдейнетін ойлау қабілеттін дамыту
Сұраққа жауап беру арқылы өз ойын жеткізе білу Жақсылыққа тәрбиелеу. Ертегіні сахналай білуге үйрету.*

Айы	Тақырыптар	Сағат саны
Қыркүйек	1« Құмырсқа мен Шегіртке» 2 «Өтеш пен Тоты» 3 «Жеті лақ пен Қасқыр» ертегісі 4 «Бір қазан сүт» ертегісі	1 1 1 1
Қазан	1 «Түлкі,Өтеш және Қоян» ертегісі 2 «Не дәмді» ертегісі 3 «Күлшеқыз» ертегісі	1 1 1
Қараша	1 «Асқабақ» ертегісі 2 «Ағаштар ұйықтайма» ертегісі 3 «Күнбағыс» ертегісі 4 «Үйшік» ертегісі	1 1 1 1
Желтоқсан	1 «Аю мен түлкі» ертегісі 2 «Шалқан» ертегісі 3 «Егінші қоян» ертегісі 4 «Көкөністер дауы» ертегісі	1 1 1 1
Қаңтар	1 «Маймақ қаз» ертегісі 2 «Түйені көрсе неге жылқы қалтырайды» ертегісі 3 «Үш аю» ертегісі 4 «Төлдер айтысы» ертегісі	1 1 1 1
Ақпан	1 «Қысқа баспана» ертегісі 2 «Шұбар тауық» ертегісі 3 «Ақымақ қасқыр» ертегісі 4 « Төлдер айтысы» ертегісі	1 1 1 1

Наурыз	1 «Қоянныңүйшігі» ертегісі	1
	2 «Қырыққабат пен алма» ертегісі	1
	3 «Бір уыс макта» ертегісі	1
	4 «Ең қымбат байлық» ертегісі	1
Сәуір	1 «Еңбекпентапқаннантіәтті» ертегісі.	1
	2 «Қасқыр,түлкі,әтеш» ертегісі.	1
	3 «Тату достар» ертегісі	1
	4 «Ай мен күн» ертегісі.	1
Мамыр	1 «Аю мен түлкі» ертегісі	1
	2 «Көкөністер дауы» ертегісі	1
	3 «Қоянның үйшігі» ертегісі	1
	4 «Ең қымбат байлық» ертегісі	1

Барлығы: 36

ЖШС «Қалдықыз ана» бөбекжай балабақшасы

БЕКІТЕМІН

«Қалдықыз ана» бөбекжай

балабақша меңгерушісі:

М.Б.Усербаев



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бағдарламасының мазмұнын
іске асыруда «Зерттеу іздестіру ойындары» тақырыбы бойынша
«Балдырған» ересек тобының вариативтік компонент жоспары**

2020-2021 оқу жылы

«Балдырған» ересек тобы 2020-2021

«Зерттеу іздестіру ойындары»вариативтік компоненттің тақырыптық жоспары

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағаты
1	Бөлме өсімдіктері мен дәрілік өсімдіктерді ажырату	Бөлмеде өсетін өсімдіктермен дәрілік өсімдіктерді бір бірінен ажырата білу,қандай мақсатпен өсірілетінін анықтау.	1
2	Тұқымына қарай ағашын тап	Балалардың аңғарымпаздығын тани білу қабілетін дамыту.	1
3	«Жұмсақ және қатты»ойын	Балаларға заттардың жұмсақ немесе қатты екенін ажырата білуді үйрету.	1
4	«Дөңгелек,шаршы,үшбұрыш»ойыны	Балаларды пішіндердің түсін,көлемін ажырата білуге тәрбиелеу.	1
5	«Аузымызға не түсті тісімізге не тиді»?	Балалар аузына түскен затын не екенін білуге,тауып айтуға үйрету	1
6	«Жеңіл –ауыр»	Балаларға заттың ауыр жеңіл деген ұғымын түсіндіру . ойнату арқылы көз жеткізу.	1
7	«Мынау қай пішін»?	Балаларды геометриялық пішіндерді көздері байлаулы күйінде сипап анықтау арқылы ажырата жинау	1
8	«Ойыншықтарды жасыр» ойыны	Құмның арасынан затты қолмен ұстап сезу арқылы табуға,құмның ылғал немесе құрғақ екенін ажырата білуге үйрету	1
9	«Мен пісірдім»ойыны	Балаларға құм ылғал кезінде түрлі пішіндер,заттар жасауға болатыны құрғақ кезде сусымалы болатынын түсіндіру.	1
10	«Қағазбен ойын»	Балаларға қағазды умаждап,қар жасауға болатынына көз жеткізу.Балалардың қол моторикасын дамыту.	1
11	«Жемістер көкеністер»	Балдар қолмен ұстап сезу арқылы көкөніс пен жемістерді ажырата білу	1
12	«Күнбағыстан май алу»	Күнбағыс-кішкентай күн сияқты әдемі,пайдалы өсімдік.Дәннен май май шығаруға болатынына уйрету.	1
13	«Күн –барлық тіршілік көзі»	Балалардың күн су ауаның тіршіліктегі маңызы мен	1
		құндылығы,адамға пайдасы туралы білімдерін бекіту, тәжірибе арқылы бақылау.	

14	«Ауа – суға батпайды»	Әр түрлі тәжірибе жасау арқылы ауаның суға батпайтынына көз жеткізу.	1
15	«Таза су»	Балаларға таза су, лас су туралы ұғым беру.Қайткенде судың түсі өзгереді деген сұраққа зерттеу арқылы жауап бер.Таза судың пайдасы, кір судың зияны туралы түсінік беру.	1
16	«Батады – батпайды»	Табиғи заттарға зерттеу жасап, олардың қасиетін ажырату.	1
17	«Судың түсі өзгереді»	Балаларға судың дәмін өзгертуге болатыны сияқты түсінде өзгертуге болатынын көрсету, көз жеткізу.	1
18	«Су қайда кетті?»	Балаларға судың қасиетті туралы түсінік беру. Зерттеу барысында қандай затқа су сіңеді, қандай затқа сіңбейтініне тәжірибе жасап көз жеткізу.	1
19	«Ауада көлем болмайды»	Балаларға ауа туралы ұғым беру.Ауаны көзбен көру мүмкін емес екенін, бірақ ол бар, қолмен ұстай алмаймыз, ауа белгілі бір ыдысқа толатынына көз жеткізу.	1
20	«Судағы мұз»	Балаларға табиғи зат мұздың әр түрлі жағдайда, температурада тез және баяу еритініне көз жеткізу.	1
21	«Қар лақтыру ойыны»	Балаларға қарды таныстыру.Қарды қолмен ұстап, уажадап, біріктіріп дөңгелек пішін жасап, көруге болатынын, қарды нығыздауға болатынына көз жеткізу.	1
22	«Түрлі – түсті мұздар»	Балалар мен суды түрлі – түстерге бояп, қардың арасына көму, түрлі – түсті мұздар жасау, мұздардың да түсін өзгертуге болатынына, аязда су қататына көз жеткізу.	1
23	«Ауаға зерттеу жасау»	Балалардың су, ауа туралы білімдерін бекіту.Бақылау, талдау, қорытындылау тәжірибелері арқылы дағды мен іскерліктерін жетілдіру.	1
24	«Таза ауа»	Адамның тыныс алу үшін таза ауаның қажеттілігіне көз жеткізу.Адам оттегі бар ауаны жұтады, көмір қышқыл газы, жағымсыз иістер қажет еместігіне тәжірибе жасау арқылы көз жеткізу.	1
25	«Бұлтты бақылау»	Балаларды бақылау арқылы ойлауын дамыта отырып, ой қиялын байыту.	1
26	«Сусымалы заттарды өлшеу»	Балаларға сұйық және сусымалы заттар туралы түсінік беру және өлшей білуге үйрету.	1
27	«Құмның қасиетті»	Құмды бақылау арқылы құмның сусымалы зат екенін білу оның сүзгіден өтетіне	1

		тәжірибе арқылы көз жеткізу.	
28	«Магниттердің қасиеттерін зерттеу»	Магнит пен оның қасиеттерін зерттеу кезінде, олар магниттің айналадағы басқа заттарға әсер ететінін түсіндіру.	1
29	«Бояуларды араластыру»	Балаларға судың көмегімен түстерді өзгертуге болатынын түсіндіру	1
30	«Мақтаның шитіне зерттеу жасау»	Балаларға мақтаны шиттетіп, одан шит алатынын, шиттен май алатына көз жеткізу.Балалардың қол қимылдарын жетілдіру.	1
31	«Жүзеді – батып кетеді»	Суда қалқып жүрген немесе батып кететін нәрселермен тәжірибе жасау.	1
32	«Еритіндер мен ерімейтіндер»	Кейбір заттар суда ериді, ал кейбірі ерімейді.Мұндай тәжірибелер арқылы балалар қандай заттардың еритіндігін, ерімейтіндігін аңғарады.	1
33	«Губка мен тәжірибе»	Бұл сабақта балаға судың да салмағы болатындығын түсіндіру.Сулы губка, құрғақ губкадан ауыр болатынына көз жеткізу.	1
34	«Сабынды көпіршіктер»	Бұл тәжірибе үйде жасауға өте қолайлы.Сабынды көпіршіктердің жасалу жолдарының үлгісін ата – аналарға түсіндіру.	1
35	«Май мен су»	Май мен суды араластыра отырып, балалар әр түрлі тығыздықтағы екі сұйықтың бір – біріне қалай әсер ететінін байқайды.	1
36	«Гербарий»	Әртүрлі жапырақтарды салыстыру және гербарий құрастыру, концептуалды білім базаларын көбейтеді.	1
Барлығы: 36			

БЕКІТЕМІН

«Қалдықыз ана» бөбекжай

балабақша меңгерушісі:

М.Б.Усербаев



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бағдарламасының мазмұнын іске асыруда «Ойыншықтар әлеміне саяхат» тақырыбы бойынша «Балдәурен» орта тобының вариативтік компонент жоспары

2020-2021 оқу жылы
«Балдәурен» ортаңғы тобы 2020-2021ж.
«Ойыншықтар әлеміне саяхат» вариативтік компоненттің тақырыптық жоспары

№	Тақырыбы	Сағаты
1	Топ бөлмесіндегі ойыншықтар бұрышы	1
2	«Менің сүйікті ойыншығым» сипаттама беру ойыны	1
3	«Шаштараз» дамытушы орта	1
4	Оқимыз, ойнаймыз	1
5	«Қуыршақ Сәулені шомылдырамыз»	1
6	«Ойыншықтар» тақпақ, өлеңдер жаттау	1
7	«Ойыншықтар»сурет салу	1
8	Жұмсақ, қатты ойыншықтар	1
9	«Добым,добым домалақ» доппен ойындар	1
10	«Аспазшы» дамытушы орта	1
11	«Қуырмаш қуырмаш»	1
12	Лего құрастырғышы	1
13	«Ойыншықтар тазалықты сүйеді» ойыншықтарға күтім жасау	1
14	Ханталапай	1
15	Мозайка	1
16	Қуыршақ Айнұр қонақта	1
17	Менің ақ аюым	1
18	«Ойыншықтар айтысы»	1
19	«Дәрігер» дамытушы орта	1
20	Сиқырлы түстер	1
21	Ойыншықтар дүкеніне саяхат	1
22	«Дүкенші» дамытушы орта	1
23	«Биік үйлер» кубитермен ойынау	1
24	Магнит құрастырғыштар	1
25	Тазалықпен дос бол «Ойыншық сөресін реттеу»	1
26	Мазақтамалар	1
27	Үй жануарлары (муляждары)	1
28	«Саңыруқұлақ саясында» атрибуттармен ертегіні сахналау	1
29	«Жыл басына таласқан хайуанаттар» сахналау	1
30	Көліктер қалашығы (лего құрастырғыштары)	1
31	Жабайы жануарлар (муляждары)	1
32	«Жүйрік көліктер»	1
33	Құрастырғыштар	1
34	Ойыншықтарды тамақтандыру	1

35	Ханшайымдар сарайы	1
36	Өзге ғаламшарлықтар	1

Барлығы: 36		
--------------------	--	--

ЖШС «Қалдықыз ана» бөбекжай балабақшасы

БЕКІТЕМІН

«Қалдықыз ана» бөбекжай

балабақша меңгерушісі:

М.Б.Усербаева



ВАРИАТИВТІК КОМПОНЕНТ

«Кел айтайық ертегі, ертегі сыр шертеді.»

2020-2021 оқу жылы

Ортаңғы «Балдәурен» тобы

Мақсаты: Ертегіні түсіндіру барысында сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту. Сұраққа жауап беру арқылы өз ойларын жеткізе білу. Жақсылыққа тәрбиелеу. Ертегіні сахналай білуге үйрету.

Айы	Тақырыптар	Сағат саны
Қыркүйек	1«Құмырсқа мен Шегіртке.» 2 « <i>Әтеш пен тоты</i> » ертегісі 3 «Жеті лақ пен қасқыр» ертегісі. 4 «Ешкі мен жеті лақ» ертегісі	1 1 1 1
Қазан	1«Түлкі,Әтеш және Қоян» ертегісі. 2 . « Күлшеқыз»ертегісі 3. « <i>Көкөністер дауы</i> » ертегісі 4. «Не дәмді ?»	1 1 1 1
Қараша	1 «Ағаштар ұйықтай ма?» ертегісі. 2 «Күнбағыс» ертегісі 3. «Үйшік»ертегісі.	1 1 1
Желтоқсан	1. «Аю мен түлкі» ертегісі. 2. «Шалқан» ертегісі. 3. «Көкөністер дауы» ертегісі 4. « Маймақ қаз» ертегісі.	1 1 1 1
Қаңтар	1. «Түйені көрсе жылқы неге қалтырайды» ертегісі. 2.«Үш аю» ертегісі 3. «Төлдер айтысы» ертегісі. 4. . «Қысқы баспана» ертегісі.	1 1 1 1
Ақпан	1 «Шұбар тауық » ертегісі. 2 «Ақымақ қасқыр»ертегісі. 3 « Төлдер айтысы» ертегісі. 4. «Қоянның үйшігі» ертегісі.	1 1 1 1
Наурыз	1. «Егінші қоян» ертегісі 2. «Қырыққабат пен алма»ертегісі 3 « <i>Алма</i> »ертегісі 4 « <i>Ай мен күн</i> » ертегісі.	1 1 1 1
Сәуір	1 «Бір уыс мақта».ертегісі 2. «Ең қымбат байлық»ертегісі 3. «Еңбекпен тапқан нан тәтті». 4. «Қасқыр,түлкі,әтеш» ертегісі.	1 1 1 1
Мамыр	1 «Тату достар» ертегісі 2. « <i>Ай мен күн</i> »ертегісі. 3. « <i>Көкөністер дауы</i> » ертегісі 4. «Шұбар тауық » ертегіс	1 1 1 1
Барлығы		36

Күні 02.09.2020ж

Вариативтік компонент.Ортаңғы «Балауса» тобы.Тәрбиеші :Н.Отелова

Тақырыбы: Құмырсқа мен Шегіртке

Мақсаты:Балаларды жыл мезгіліндегі табиғат суреттерін суреттеуге

үйрету,топта бірге,өзара келісе жұмыс жасай біліуге тәрбиелеу,қимылмен іс-әрекетті көрсету қабілетін дамыту.Саусақ,қол-аяқ қимыл үйлесімділігін дамыту.

Керекті құралдар көрнекіліктер:қағаз,плакат,бояу,қылқалам,қайшы, түрлі қаламдар

Сабақ барасы: Қимылды қайтала жаттығуы.Тәрбиеші балаларға қарама-қарсы отырып көрсеткен қимылды қайталайды.Тәрбиеші саусақтарын кейде бүгіп, кейде түзу түрлі фигураларды жасайды.

Тәрбиеші біз саусақтарымызды жаттықтырдық,енді біз тыңдаған«Құмырсқа мен шегіртке» мысалын теартландыру үшін қажетті материалдар дайындайық.

Оқиға қай мезгілде болған еді?Жазда Шегіртке немен айналысты? Күзде қалай өмір сүреді?Қыс келгенде Шегіртке неге Құмырсқаға келді?Жаз,күз және қыс мезгілі.Ойнады,биледі,ән салды. Қыста жаурады ашықты.

Олай болса үш мезгілдің бейнесін құрастырайық.Ол үшін сурет құрастыру және жапсырумен айналысуымыз қажет.Сондықтан үш топқа бөлініп өзара жұмысты бөліп алайық.

1 топ жаз суретін,2 топ күз пейзаждық суретін,3 топ қыс суретінсалады.Балалар жаз,күз,қыс мезгілдерінің пейзажын дайындайды.

Сергектік ойын-жаттығу

Ұшады,Ұшпайды.

Тәрбиеші ұшатын затты атаса балалар қолын көтеріп ұшу қимылын көрсетеді,ұшпайтын затты атаса,қолдары төменде болады.Балалар құстар мен ұшатын заттар аталса қолдарын көтереді. Ойын: «Не қалай дыбыстайды?»

Күн қалай күркірейді?Тарс-тарс

Жаңбыр қалай жауады?Тырс-тырс

Су қалай ағады?Сылдыр-сылдыр

Құстар қалай дыбыстайды?Шиқ-шиқ

Шегіртке қалай шырылдайды?Шыр-шыр

Балалардан немен айналысқаны,ненің ұнағанын сұрау.Мадақтау.Балалар жауабы.

Күтілетін нәтиже:

Біледі:түрлі мазмұндағы қимыл әрекетті көрсетеді;

Меңгереді:қимыл-қозғалыс мәнері қалыптасады,әрбір құс ерекшелігін атайық.

Күні 09.09.2020ж

Вариативтік компонент.Ортаңғы «Балауса» тобы.Тәрбиеші :Н.Отелова

Тақырыбы:Әтеш пен тоты (жылжымалы папка)

Мақсаты:Ертегінің мазмұнын түсіну, өз түсінігімен әңгімелеу барысында сөздік қорын молайту,өйлеуге дағдыландыру. Құстар жайлы білімін кеңейту.

Әдіс -тәсілдері: Сұрақ-жауап, слайд көрсету,

Көрнекілігі:Іәтеш пен тоты суреті ,құстардың суреті

Билингвалды компанент: Әтеш-петух,тоты-папугай.

Сабақ барысы:

Таңғы жиын.

Таң әлі атқан жоқ,

Маңай әлі қараңғы.

Әтеш ерте оянып,

Оятады баланы

Ку-ка-ре-ку, ку-ка-ре- ку,

Оятады баланы

Үнтаспа арқылы әтештің таңғы шақырған даусын тыңдату.

-Балалар бұл ненің даусы?

-Әтештің даусы

-Бұл қандай құс?

-Үй құсы .

Жұмбақ жасыру

Бұрап қойған сағаттай,

Айқайлайды таң атпай (әтеш)

Ертегі оқу : Әтеш пен тоты

Әтеш өте әдемі болыпты,ол өзі ешкіммен сөйлеспейді екен

Тоты кімнен киім сұрайды?

Әтештен сұрайды

Әтеш кіммен дос болыпты?

Әтеш пен дос болыпты

Қанатымды жазамын

Жоғары - төмен қаамын

Биік көкте ойналып,

Жұлдыздай жылдам ағамын,

Үй құстар немен қоректенеді?

Жем, шөппен қоректенеді.

«Айнытп сал» ойыны

Әтешке қарап ән салып,

Әнші болған балапан

Әтеш болып шақырып

Сақшы қане алақан.

Қорытынды:Балалар ертегіні тыңдап жұмақтың жауабын шешіп тақпақтарды айта білді.

Күні:16.09.2020ж

Вариативтік компонент.Ортаңғы «Балдәурен» тобы.

Тақырыбы: Жеті лақ пен Қасқыр.(ертегіні сахналау)

Мақсаты:Балаларды жұмсақ дыбыссыз жүруге аяқ ұшымен жүруге,бұлшық еттерін күшейтуге және бәсеңдетуді басқаруға үйрету.Есте сақтау қабілетін,қиялын дамыту.Театр ойындарын ойнауға қызығушылығын ояту.Қимыл-қозғалыс әсемдігін тәрбиелеу. Қажетті материалдар:ешкі үйі,ешкі,қасқыр,лақтар,костюмдер,атрибуттар,декорация материалдары.

Сабақ барысы:Жылулық шеңбері:балалар бір-біріне күлімдеп қарап жақсы тілектер айтады.

Тәрбиеші:сендердің көңіл-күйлерің қалай?

Сендер қалай жүресіңдер?

Қалай жүгіресіңдер?Түнде қалай ұйықтайсыңдар?Суда қалай жүзесіңдер?Қалай өлең айтасыңдар? Алысқа қалай қарайсыңдар?Қалай күлесіңдер.

Балалар бас бармақтарын мынандай деп көрсетеді. Балалар бір орнында жүріп көрсетеді.Балалар жүгірген,ұйықтаған қимылды көрсетеді.Қолдарын кезек-кезек алға көтеріп сермейді.Қолдарын шекесіне қойып қарайды.Балалар күледі.

Тәрбиеші:өкінішке орай барлық уақытта осындай жақсы көңіл күй бола бермейді.Мен бір кейіпкер білемін, ол үнемі ашуланып жүреді.Ол үнемі аш болады. Қалай ойлайсыңдар,ол қай ертегі кейіпкері?Ол қасқыр.Ешкі мен жеті лақ ертегісіндегі қасқыр.Олай болса,ертегі еліне барып қасқырдың көңіл-күйін жақсартайық.Ол үшін Ешкі мен оның лақтарын шақырайық.Балалар кейіпкерлерді шақырады.Олар бізге көмектеседі.Ешкі мен лақтар болып ойнайтын балалар перде артына өтеді.Ешкі үйі үй алдында жіп иіріп отырады.Екі лақ бір бірімен сүзісіп ойнауда,үшеуі қаласпақ ойнап жүр.

Ешкі:жеті лақым бар сүйікті де сүйкімді,барлығын өте жақсы көремін.Күн күлімдеп тұр екен, ойнай қойыңдар осы кезде ашулы қасқыр жүгіріп шығады.

Қасқыр:Мынау не айқай-шу,секірген,жүгірген біреулер,басым ауырып кетті сендердің шуларыңнан,қазір мен сендерді тез тыныштандырамын.Лақтардың қасына келіп жұдырығын түйіп,қорқытқан қимыл көрсетеді.

Ешкі:қасқыр,сені басқалар жақсы көру үшін,туған күнің болғанда сені құттықтауы үшін ашуланшақ болма, басқаларды қорқытпа.Қасқыр:қалай ашланбайын,менімен ешкім ойнағысы келмейді.Бәрі менен қорқады.Лақтар:Қасқыр кел бізбен бірге ойынға.Қасқыр балалармен бірге ойынға қатысады.

Ойыннан соң қасқырдың тағы көңіл-күйі түседі.

Қасқыр:мен сендерге сөз беремін,енді ашуланшақ болмаймын.Енді бірге би билейік.Қасқыр Ешкі және лақтармен бірге көңілді би билейді.

Ешкі:Қасқыр неге тағы көңілсізсің?Менің әжем әні.Менің әжем үйде жалғыз отыр.Балалар онда әжеге арнап өлең айтып берейік.Қасқырдың әжесі келеді.Барлық балалар:бізге келіп тұрыңыз деп ертегі кейіпкерлерімен қоштасады.

Ертегі ұнады ма?Несімен ұнады? Тағы қандай ертегіні жақсы көресіңдер? Балалар жауабы.

Күтілетін нәтиже:

Біледі:ертегі мазмұнын толық айтады;

Меңгереді:ертегі кейіпкерлері қимыл-қозғалыстарын көрсетуді

Күні 23.09.2020ж

Вариативтік компонент.Ортаңғы «Балдәурен» тобы.

Тақырыбы: Ешкі мен жеті лақ(ертегісін сахналау)

Мақсаты:Балалардың көркем шығармалар арқылы тіл байлығын ауыз екі сөйлеуін дамыту.Ертегілермен таныстыру.Ертегіні мәнерлеп,дауыс ырғағын келтіре отырып сөйлеу,рөлге бөліп ойнауға үйрету жұмысын жалғастыру.

Керекті құралдар: Үйшік,ешкі мен қасқыр,лақтардың костюмдері,қуыршақ.

Сабақ барысы:Жылулық шеңбері. Сәлеметсіңдер ме,балалар!

Мен сендерді көргеніме қуаныштымын.Музыка ойналады.Топқа орыстың ұлттық киімін киген қуыршақ кіреді.

Балалар тәрбиешімен сәлемдеседі.Қуыршаққа таңырқай қарайды. Ой, балалар қараңдар,бізге ерекше қонақ келіпті өзі көңілсіз,үндемейді. Не болды екен? Ұнтаспадан дауыс естіледі: Ха-ха-ха! Мен зұлым сиқыршымын! Ол енді ешқашан сөйлей алмайды, мен оны сиқырлап тастадым. Тек мен ғана оның сиқырын қайтара аламын,бірақ мен оны айтпаймын!

-Балалар енді не істесек болады?Қалай көмектессек болады?-Қане,онда амандасып көрейік,- деп шеңберде тұрады.

Жарқын,жарқын үніміз,

Болашақтың күніміз.

Балалық шақ үйінің.

Жайнап тұрған гүліміз.

Өлең жолдарын бірге айтып қуыршақпен амандасады.

-Сәлеметсің бе,қуыршақ!

Қуыршақ күлімдеп,балалармен амандасады.

-Сәлеметсіңдер ме!Мен ертегілер елінен келдім,сендерді орыстың халық ертегісімен таныстырғым келеді.Жүріңдер,сол ертегіге қонаққа барайық.Көздеріңді бір сәтке жұмып,отыра қалыңдар.Ертегіге қонаққа баруға қуана келіседі.

Бүгін біз, сіздермен бірге жеті лақ пен қасқыр ертегісін сахналауға шақырамын.Сахналауға қатысатын балалар ертегіні қойып береді. Балалар рөлдерді бөліп алады,ертегіні сахналайды.

Сергіту жаттығуы

Ертегі ұнады ма?

Ертегіге қай үй жануарлары қатысады. Ешкі және оның лақтары.

Дұрыс,ешкі және оның лақтары. Қазір онда жануарлар туралы .

«Отбасылар» деген ойын ойнайық.Балалар карточкадан әрбір жануардың отбасын топтастырып тауып береді.

Рөлді ойнаған кейіпкерлер сахнаға шығып айтады.

Шөре,шөре лағым,

Тентек болма шырағым.

Секендемей деміңді ал,

Селтендемей құлағың.

Күтілетін нәтиже:

Біледі:ертегі мазмұнын біледі;

Меңгереді:ойынға қатысып,үйлесімді қимыл орындайды

Күні 3.10.2020ж

Вариативтік компонент.Ортаңғы «Балдәурен» тобы.

Тақырыбы: Түлкі, Әтеш және Қоян (ертегісін сахналау)

Мақсаты:Театрланған қойлым арқылы балалардың тілін дамыту,байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту.Балаларды көркемдікке тәрбиелеу,майда,ұсақ моторикасын дамыту. Керекті құралдар:үйшіктер,қоян,түлкі,әтешатрибуттары. Сабақ барысы: Шаттық шеңбері:Қайырлы күн,досым!

Қайырлы күн болсын

Сәрсенбінің сәті

Сәттілікке толсын!

Біздің бала бақшамыз,

Қуанышқа толсын!Балалар шеңберге өлең мәтініне сәйкес қимылдар орындайды,өлеңді оқиды.

Балалар сендер жұмбақ шешуді жақсы көресіңдер ме?Онда мұқият тыңдайық:

Ит сияқты пішіні,

Ұнатпайды кісіні.(қасқыр)

Қалқиып ұзын құлағы,

Елеңдеп қорқып тұрады.(қоян)

Бұлаңдаған құйрығы,

Бір алдарлық қылығы.(түлкі)

Есік қағылып,әжей кіріп келеді.Балалармен амандасады.Балалардан әже ертегіні жақсы көресіңдер ме деп сұрайды.Әже қоржынында көптеген жануарлар бар екен айтып бір-бірлеп шығарып атап беруді ұсынады.Балалар қоян,түлкі,қасқыр,тышқанды атап береді.Әже қоржындағы ертегі кейіпкерлері туралы ертегіні айтып бергісі келеді.

Тәрбиеші:Олай болсатындайық,деп-балаларды ертегі тыңдауға отырғызады.Ол

Әтеш,қоян,түлкі ертегісі .Балалар ертегімен таныс екендерін айтады.Әже балалардан осы ертегіні сахналап беруді өтінеді.Балалар ертегіні сахналайды.

Сегіту сәті:Тәрбиеші:Ертегілерде қай жануарлармен кездестік?-Балалар,сол ертегі кейіпкерлері бір-бірінен адасып қалыпты.Оларды бір-бірін табуға көмектесейік.Балалар қиындылардан Қасқыр,Әтеш,Қоянд,Аю және Түлкіні тауып құрастырады.Оларды арнайы дайындаған ертегі еліне еөрсететін алаңқайға орналастырады. Жұптасып өлең оқу:Балабақша ойнатты,

Ойнаты да ойлатты.

Ана тілі сырына,

Тереңірек бойлатты. Қолды белге қою,екі жаққа теңселу,артқа шегіну,иіліп қолды жерге жеткізу.

Жануарлар туралы ертегілерді еске түсіру.Балалар жауабын тыңдау.

Күтілетін нәтиже: Біледі:ертегі мазмұнын баяндауды;

Меңгереді:мәнерлеп оқиды,ойынға қатысып,үйлесімді қимыл орнайды;

Күні 7.10.2020ж

Вариативтік компонент.Ортаңғы «Балдәурен» тобы.

Тақырыбы: «Не дәмді?» ертегісі

Мақсаты:Балалар тілін дамытуда көркемсөзді қолдану,диалогпен сөйлесе білу біліктерін жетілдіру.Сөйлемді есте сақтай отырып дауыс ырғағын көрсете айтуға дағдыландыру,сөздік қорын байыту.Жануарлар өмірі туралы түсініктерін ұлғайту.

Қойлымдарға керекті көрнекіліктер:жануарлар бейнесіндегі атрибуттар.

Сабақ барысы:Ойын: «Мен бастаймын, сен аяқта»

Алма...өседі.

Қызанақ...өседі.

Қауын...өседі.

Картоп ... өседі. Балалар:Бауда ағаш басында.Бақшада арық бойымен.Бақшада атыздарда.Жер астында өнім.

«Сипап сезіп атап бер»-дидактикалық ойын.Балалар дәндерді ажыратуы тиіс.Бірнеше қалташаға лобия,ноқат,жүгері,тары салынады.

Балаларға «Не дәмді»ертегісін еске түсіріп оқып беру:Балалармен жануарлар сөздерін диалогқа еніп қайталау.

Бір күні жануарлар не дәмді деп таласып қалыпты.Сөзді ала сиыр бастапты: -Шіркін,пішен мен таза жемге не жетсін!Содан дәмді бірде-бір тағам жоқ. Сонда қой маңырап жіберді:

-Иә,пішен жем жақсы-ақ,бірақ көк майса шөп болса,одан да жақсы.

-Арпа,сұлы дәмді емес пе,-дейді жылқы.Күтір-күтір шайнасаң аузыңнан дәмі кетер ме?

-Жоқ,сендер таба алмадыңдар.Сүт пен еттен дәмді ештеңе жоқ,- дейді мысық.Бұған иттің ызасы келіп:

-Сен босқа көкіме!-дейді.Ненің дімді екенін менен сұра. Сүйек дегенді білетін бе едің , кемік сүйектен дімді ештеңе жоқ.

Осы әңгімеге түйе қосылса,ол нені мақтар еді? Түйе жантақты мақтар еді. Балалар сонымен қайжануар нені жақсы көреді екен?Сендер нені жақсы көресіңдер? Балалар жауабы.

Ойын:«Жануарларды жекеше,көпше айту».Балалар:Сиыр-сиырлар,қой-қойлар,мысық-мысықтар, жылқы-жылқылар... Тіл ұстарту жаттығуы:ән-ән-ән

Қамба толы дән

Әжем айтқан ән

Құрып жүргің сән. Балалар қайталайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі:ертегідегі жануарлар қорегін,жануарлардың жекеше,көпше айтады;

Игереді:жануарлар қимыл әрекетін сөзбен үйлестіре отырып көрсетеді;

Меңгереді:ойынға қатысып,үйлесімді қимыл орындайды

Күні 14.10.2020 ж

Вариативтік компонент.Ортаңғы «Балдәурен» тобы.

Тақырыбы: Күлшеқыз ертегісі

Мақсаты:Балаларды ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерінің жақсы-жаман жақтарының айырмашылықтарын білуге тәрбиелеу.Ертегі кейіпкерлерін ролге еніп сомдауға,дауыстарының айырмашылықтарын мезініп түсінуге үйрету.Ертегі кейіпкерлерін сомдау арқылы сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Керекті құралдар:ақ мата тартылған ширма тақта,ертегі кейіпкерлері костюмдері.

Сабақ барысы:

Тәрбиеші ортада жатқан құмыраны көреді,балалардан ол құмыраның қайдан келгенін сұрайды.Балалар білмейміз дейді.Тәрбиеші құмыраны шаң болып кетті деп сұртте бегенде,құмыранын ішінен Жын шығады. -Әміріңізге құлдық,мені мына қапастан шығарғаныңыз үшін сіздің тілегіңізді орындаймын.Тәрбиеші балалардан сұрайды:-Балалар Жыннан қандай тілек тілейміз?Сендердің қандай арман тілектерің бар?Балалар таң қалады.Күлше қыз ертегісіне саяхатқа барғысы келетіндерін айтады.

-Біз балалармен Күлшеқыз ертегісіне саяхатқа барғымыз келеді.Олай болса бізді ертегілер еліне жеткіз.

Балалардың алдынан Күлшеқыз шығады.

-Саламатсыңдарма?Балалар,сендер қайдан жүрсіңдер.Саламатсыңба?Күлшеқыз.Біз басқа елден Күлшеқыз ертегісіне саяхатқа келдік. -Күлшеқыз сен қайда асығып барасың?

-Балалар менің сендермен ойнауға уақытым жоқ,мені анам шақырып жатыр ол мені іздеп ашуланып отырған сияқты.(сол кезде Күлшеқыздың анасының даусы шығады)

-Күлшеқыз сен қайдасың,сен неге әле тамақ дайындамағасын?Мына қасыңдағы қандай балалар? Күлшеқыз:анашым бұл балалар басқа елден Күлшеқыз ертегісіне саяхатқа келіпті.Балалар Күлшеқыздың анасымен амандасып алады.

Анасы:Балалар Күлшеқыздың сендермен ойнауға уақыты жоқ.Ол тамақ дайындауы керек.Өздеріңнің елдеріңе қайтыңдар.Балалар:жарайды сау бол Күлшеқыз.(осы кезде-Күлшеқыздың өгей әпкелері кіріп келеді)

-Апа қарным ашты.Тамақ жегіміз келеді.(сол кезде Күлшеқыздың анасына хан сарайынан қоңырау шалынады)

-Алло саламатсызба? Бүгінгі хан сарайында өтетін кешке қатысуға шақырамыз.Кешке келген қонақтардың ішінен ханзада өзіне қалыңдық таңдайды.

Анасы:Күлшеқыз менің қыздарыма тез әдемі көйлектерін дайында.Қыздары Күлшеқыздың әкелген көйлектерін киеді.

Анасы:доғарыңдар қазір кешігіп қаламыз.

Күлшеқыз:Анашым,менде сол кешке барсам болама?

Анасы:Жоқ,оданда сен үй шаруасын орында.

Күлшеқыз жылап қалып кетеді.(осы жерден көлеңке театры басталады). Залда әдемі әуен орындалады. Жылап отырған Күлшеқыздың алдына Періште келеді. Періште Күлшеқызға кешке кейіп баратын әдемі көйлек береді.Күлшеқыз сондада мұңайып тұрғанын көрген періште оған лайықты әдемі аяқкиім береді.Періште Күлшеқызға сағат 12-де сиқыр өз күшін жоятынын айтады.Күлшеқыз кешке қатысып,ханзадамен би билейді.Сағаттың түнгі12-ге жақындап қалғанын көрген Күлшеқыз үйіне жетуге асығады,асығып жүріп аяқкиімін түсіріп алады.Ханзада Күлшеқыздың аяқкиімін тауып алады.Ол Күлшеқызды іздеп таппаған соң аяқ киім тура келген қызға үйленемін,-деп шешеді.Аяқ киімді көп қызға кигізіп көреді,бірақ ешқайсы қызға тура келмейді,ханзада мұңайып тұрғанда, үстінде жаман киіммен Күлшеқыз кіріп келеді. Ханзада Күлшеқызды бірден танып,оған аяқ киімді кигізеді.

Балалар өз елдеріне қайтып келіп,Күлшеқыз ертегісін талқылайды.Балалар өздерінің ойларымен бөліседі.

Күтілетін нәтиже:

Біледі:Күлшеқыз ертегісінің мазмұнын;

Меңгереді:Күлшеқыз ертегісінің заманауи сомдауы;

Күні:21.10.2020ж

Вариативтік компонент.Ортаңғы «Балдәурен» тобы.

Тақырыбы: «Көкөністер дауы»

Мақсаты: Оқиғаны эмоционалды қабылдауды, балалардың сөздік қорын заттың сапасы мен құрамын білдіретін сөздермен байыту. Балаларды ертегіні тыңдай білуге , көкөністер жеміс туралы жалпы түсінік білдіретін сөздерді енгізу.

Көрнекілігі: Көкөністер атрибуты,суреттер.

Жаңа сөздер: Қияр.

Әдіс-тәсілі: Ертегіні оқып беру,түсіндіру.

Билингвалдық компонент: Қияр-огурцы.

Сабақтың барысы: Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Күз мезгілі.

Күз мезгілінде қандай жемістер піседі?

Алма,алмұрт,жүзім.

Қандай көкөністер піседі?

Сәбіз,картоп,пияз,орамжапырақ т.б

-Дұрыс балалар күз мезгілінде барлық көкөністер піседі.

Бүгін мен сендерге «Көкөністер дауы» ертегіні саусақ театры арқылы айтып беремін.

Балалар сендерге ертегі ұнадыма?

Ия.

-Ертегі не туралы айтылған?

Көкөністер туралы.

-Еркеназ саған қандай көкөніс ұнады?

Қызанақ.

-Не үшін?Өйткені қызанақ өте әдемі.

-Балалар бүгін біз қияр туралы тақпақ жаттаймыз.

Дәмі тілді үйірген ,

Мен тұздалған күйімде.

Жаңа піскен кезімде,

Жейді бәрі сүйсіне.

Дидактикалық ойын «Дәміне қарай ажырат»

Қорытынды: Балалар көкөністердің адам ағзасына пайдасы туралы біледі.Көкөністерге қандай күтім жасау керектігін түсініп орындайды.

Күні 4.11.2020ж

Вариативтік компонент.Ортаңғы «Балдәурен»тобы.

Тақырыбы: *«Ағаштар ұйықтай ма?» ертегісі*

Мақсаты: *Сөздік қорын дамыту мен дыбыстарды айтуға баулу.Еңбексүйгіштікке табиғатты аялауға тәрбиелеу.*

Көрнекілігі: *ағаш суреті,атрибуты. Әдіс-тәсілі: түсіндіру,көрсету,сұрақ-жауап.*

Жаңа сөздер: *емен.*

Билингвалдық компонент: *емен-дуб.*

Сабақтың барысы:*Балалар бүгін сендер «Ағаштар ұйықтай ма?» ертегісін жылжымалы папка арқылы сахналап бересіңдер. Балалар ертегіні мұқият тыңдап,сахналап береді.*

Инжу-емен ағашы болып айтамыз.

Балалар Көркем орманды жақсы көреді екен.

Көркем- Каусар қызымыз болады.

Көркем-емен ағашы болып әңгімелеседі.

Көркем еменнен не сұрайды.

–Қабығы.

Тақпақ айтамыз.

Тербеледі ағаштар

Алдымнан жел еседі.

Кіп-кішкентай ағаштар,

Үп-үлкен боп өседі.

Балалар өлеңге сәйкес қимылдар жасайды.

Дидактикалық ойын «Қай ағаштың жапырағы»

Қорытынды: *Балалар өзіне берілген тапсырманы орындауды білді.*

Тақпақты ретімен орындап қимыл жасауды түсінді.

Күні 11.11.2020ж

Вариативтік компонент.Ортаңғы «Балдәурен» тобы.

Тақырыбы: «Күнбағыс» ертегісі

Мақсаты: Ертегінің мазмұнын түсіндіру.Өз ойы бойынша аңгімелесуге үйрету.Сөздік қорын молайтып,тіл байлығын дамыту.

Көрнекілігі: күнбағыстың суреті,бейне таспа.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру,сұрақ-жауап.

Жаңа сөздер: күнбағыс.

Билингвалдық компонент: Күн-солнце.Күнбағыс - семчкый. Сабақтың

барысы: Балалар мен сендерге «Күнбағыс» ертегісін айтып беремін.

Балалар ертегіні мұқият тыңдайды. Қандай халық өмір сүріпті?

Еңбексүйгіш.

Балалар олар неге сыйынып өмір сүріпті?

Күнге.

Жігіт қандай тілек айтыпты?

күнге сыйынып тұрамын депті.

Жігіттің екінші тілегі қандай болыпты?

гүлге айналыпты

Балалар бұл қандай гүл екен?

Күнбағыс.Халық күнбағыстан басқа қандай ат беріпті?

Күнбағар.

Дидактикалық ойын «Ғажайып қоржын».

Қорытынды: Балалар гүлдің кереметін білді.

Халықтар бір-бірімен тату-тәтті тұру керектігін түсінді.

Күні 18.11.2020ж

Вариативтік компонент. Ортаңғы «Балдәурен» тобы.

Тақырыбы: «Үйшік» ертегісі.

Мақсаты: Сөйлемді дұрыс құрап айта білу. Шығарма мәтіннің мән-мағынасын бұзбай әңгімелеуді үйрету. Балаларды сын есім мен зат есімнен тұрған сөздердің дыбысталуына көңілдерін аудару. Көрнекілігі: атрибуттар.

Әдіс-тәсілі: ертегіні түсіндіру, сұрақ-жауап.

Жаңа сөздер: үйшік.

Билингвалдық компонент: үйшік – домик.

Сабақтың барысы: Балалар бәріміз бірге жылы тілектерімізді айтайықшы.

Сенің көзің әдемі.

Сенің көйлегің әдемі.

Сенің жүзің әдемі.

Балалар бүгін мен сендерге «Үйшік» ертегісін үстел-үсті театры арқылы айтып беремін. Тәрбиеші балаларға «Үйшік» ертегісін айтып беріп сұрақ-жауап жүргізеді.

Балалар сұраққа жауап береді.

Желілі-рөльдік ойын «Отбасы». Балалар ойынды қызығып ойнайды.

Қорытынды: Балалар ойын шартын түсініп орындау ережесін білді. Ертегі желісі мен орындауды түсінді. Сабаққа жақсы қатысқан балаларды мақтап, мадақтау.

Күні 25.11.2020ж

Вариативтік компонент.Ортаңғы «Балдәурен» тобы.

Тақырыбы: «Аю мен түлкі»ертегісі

Мақсаты: Ертегі арқылы балаларды есте сақтауын ертегіні сахналау арқылы дамыту.Балалардың тілін дамыту.Сөздік қорын байыту.

Көрнекілігі: суреттер.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру,көрсету.

Жаңа сөздер: түлкі.

Билингвалдық компонент: Түлкі-лиса. Аю- медвед.

Балалар бәріміз бірге аю туралы тақпақ айтамыз.

Қорбаңдаған аюдың,

Құлпынайы көп екен.

Теріп-теріп алайық,

Қалтамызға салайық.

Балалар қосылып айтады.

Балалар біз не туралы тақпақ айттық?

Балалардың жауаптары аю.

Мен сендерге бүгін «Аю мен түлкі»

ертегісін айтып беремін.

Тәрбиеші фланелеграф театры арқылы ертегіні айтып береді.

Балалар түлкі қандай жануар?

Түлкі айлакер жануар екен.

Дұрыс айтасыңдар балалар түлкі қу.

Қимылды ойын «Мені қуып жет»

Қорытынды: Қу,айлакер жануар түлкі екенін. Жануарлардың тіршілік ортасын түсінді.

Күні 9.12.2020ж

Вариативтік компонент.Ортаңғы «Балдәурен» тобы.

Тақырыбы: «Шалқан»ертегісін (сахналау)

Мақсаты: Ертегінің мәтінін мән-мағанасын бұзбай әңгімелеуді үйрету,балаларды сын есіммен зат есімнен тұрған сөздердің дыбысталуына көңілдерін аудару.Күзде пісетін көкөністер туралы түсінік беру.

Көрнекілігі: көкөністер киімі.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру,ертегіні сахналау.

Жаңа сөздер: шалқан

Билингвалдық компонент: Ит-собака. Ата-дедушка. Шалқан – редка.

Мысық- кошка. Балалар шеңбер болып тұрады. «Жылы лебіз» балалар бір-біріне бұрылып әдемі сөздер айтады. Балалар жылы лебіздерін білдіреді.

Балалар бүгін біз «Шалқан» ертегісін сахналап есімізге түсіремін боламыз.

Ертеде бір атай шалқан егіпті,ол үлкен болып өсіпті оны атай жұла

алмай анасын шақырады. Әжесі де тарта алмай қызын шақырады.Қызы

тартады тарталмайды. Көмекке күшігін шақырады. Күшіге де тарта

алмай мысығын шақырады. Мысығы да тарта алмай тышқанды

шақырады.Барлығы қосылып тартып,шығарып дәмді ас,пісіріп ішіпті.

Жарайсыңдар балалар ертегіні өте жақсы сахналап шығардыңдар.

Атасы-Саян.

Әжесі- Айзере.

Қызы-Сымбат.

Иті- Аяла.

Мысығы- Аят.

Тышқан - Артығай.

Қимылды ойын «Мысық-пен тышқан».

Қорытынды: Балалар ертегіні рет-ретімен орындауды. Ойын шартын түсініп,қызығып орындайды.

Күні 23.12.2020ж

Вариативтік компонент.Ортаңғы «Балдәурен» тобы.

Тақырыбы: «Көкөністер дауы» саусақ театры.

Мақсаты: Оқиғаны эмоционалды қабылдауды, балалардың сөздік қорын заттың сапасы мен құрамын білдіретін сөздермен байыту. Балаларды ертегіні тыңдай білуге , көкөністер жеміс туралы жалпы түсінік білдіретін сөздерді енгізу.

Көрнекілігі: Көкөністер атрибуты,суреттер.

Жаңа сөздер: Қияр.

Әдіс-тәсілі: Ертегіні оқып беру,түсіндіру.

Билингвалдық компонент: Қияр-огурцы.

Сабақтың барысы: Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Күз мезгілі.

Күз мезгілінде қандай жемістер піседі?

Алма,алмұрт,жүзім.

Қандай көкөністер піседі?

Сәбіз,картоп,пияз,орамжапырақ т.б

-Дұрыс балалар күз мезгілінде барлық көкөністер піседі.

Бүгін мен сендерге «Көкөністер дауы» ертегіні саусақ театры арқылы айтып беремін.

Балалар сендерге ертегі ұнадыма?

Ия.

-Ертегі не туралы айтылған?

Көкөністер туралы.

-Еркеназ саған қандай көкөніс ұнады?

Қызанақ.

-Не үшін?Өйткені қызанақ өте әдемі.

-Балалар бүгін біз қияр туралы тақпақ жаттаймыз.

Дәмі тілді үйірген ,

Мен тұздалған күйімде.

Жаңа піскен кезімде,

Жейді бәрі сүйсіне.

Дидактикалық ойын «Дәміне қарай ажырат»

Қорытынды: Балалар көкөністердің адам ағзасына пайдасы туралы біледі.Көкөністерге қандай күтім жасау керектігін түсініп орындайды.

Күні 30.12.2020ж

Вариативтік компонент.Ортаңғы «Балдәурен» тобы.

Тақырыбы: «Маймақ қаз»ертегісі

Мақсаты: Ертегіні тыңдай білуге қайталап дауысын айтпай салуға үйрету.Тіл байлығын дамыту.Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің үйлесімді қозғалысын жетілдіру.

Көрнекілігі: суреттер,атрибуттар,конус

Әдіс-тәсілі: түсіндіру,көрсету.

Жаңа сөздер: маймақ қаз.

Билингвалдық компонент: қаз-утка.

Сабақтың барысы:Балалар менің алдымдағы ненің суреті?

Қаз.

Ол қайда жүр? Балалардың жауаптары суда.

Балалар бүгін мен сендерге «Маймақ қаз» ертегісін конустық театры арқылы айтып беремін.

Балалар сендерге ертегі ұнады ма?

Ия.

Ертегіде қандай құс туралы айтты.

Қаз.

«Қаз» өлеңін жаттаймыз.

Қазым,қазым қаңқылда

Көлде жүзіп саңқылда.

Жем шашайын жейсіңбе

Кәмпит берем дейсіңбе.

Жоқ,жоқ, кәмпит саған болмайды ас.

Арпа менен бидай шаш.

Қимылды ойын «Шөжелер мен ала мысық»

Қорытынды: Қаз туралы түсінікті біледі. Ойын шартын түсініп ,қызығып ойнайды.

Күні: 6.01.21ж

Вариативтік компонент.Ортаңғы «Балдәурен» тобы

Тақырыбы: *«Түйені көрсе жылқы неге қалтырайды» ертегісі.*

Мақсаты: Үй жануарлары туралы түсінігін ұлғайту,жануарлардың ерекшеліктері бойынша ажырата білуге,әңгімені мұқият тыңдай білу қабілетін дамыту.Үй жануарларына қамқор болуды үйрету.

Көрнекілігі: үй жануар суреті.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру,сұрақ-жауап

Жаңа сөздер: Түйе.

Билингвалдық компонент: Жылқы-лошадь.

Сабақтың барысы:

Балалар мен сендерге тақпақ оқимын.

Құлыншағым құндызым,

Құлдырайды шабады.

Жылтыңдаған жұлдызым,

Құстай қанат қағады.

Балалар тәрбиешімен бірге қайталап айтады.

Балалар құлыншақ ненің баласы ?

Жылқының.

Түйенің баласын не деп айтамыз ?

Бота.

Балалар мен сендерге «Түйені көрсе жылқы неге қалтырайды» ертегісін айтып беремін.

Балалар сендерге ертегі ұнады ма ?

Ия.

Ертегі не туралы айтылған ?

Жылқы,түйе туралы айтылған.

Дидактикалық ойын «Төлдерін ажырат және ата».

Балалар ойынды көңілдене ойнайды.

Қорытынды: : Үй жануары мен олардың төлдерін атауды біледі.

Ойын шартын түсініп,қызығып орындайды.

Күні 13.01.21ж

Вариативтік компонент.Ортаңғы «Балдәурен» тобы

Тақырыбы: «Үш аю» ертегісі. .

Мақсаты: Ертегіні тыңдай білуге және қайталап дауысын айнытпай салуға үйрету.Сахнада ойнау іскерлігін дамыту.Тіл байлығын дамыту.
Көрнекілігі: Суреттер, қуыршақтар аю. **Әдіс-тәсілі:** түсіндіру, ойын, көрсету.

Жаңа сөздер: қуыршақ.

Билингвалдық компонент: аю-медведь.

Сабақтың барысы:

Балалар қандай жабайы жануар көріп тұрсыңдар?

Аю.

Балалар аю туралы кім тақпақ біледі?

Сымбат.

Қорбаңдаған аюдың,

Құлпынайы көп екен.

Теріп-теріп алайық,

Қалтамызға салайық.

Жарайсың Сымбат.

Енді Рамазан. Саян.Ернар тақтаға шығып менің айтуым бойынша «Үш аю» ертегісін а йтып беремін.Сендер аю болып қуыршақты ойнатасыңдар.

Балалар сендерге ертегі ұнады ма?

Ия.

Қимылды ойын «Аю мен торғайлар»

Қорытынды: Балалар ертегіні керемет ойнап шықтыңдар. Балалар қуыршақ ойнатудың тәсілдерін біледі. Ойын шартын түсініп,қызығып ойнайды.

Күні 20.01.21ж

Вариативтік компонент.Ортаңғы «Балдәурен» тобы

Тақырыбы: «Төлдер айтысы»ертегісі

Мақсаты: Ертегінің мәтіннің мән-мағынасын бұзбай әңгімелеуді үйрету. Ертегіні құрастыруды үйретуді жалғастыру.Балаларға айтылған ойды тыңдауға және ұғынуға әңгімеге араласып отыруды үйрету. Көрнекілігі: Үй жануарлардың суреттері, үстел-үсті театры. Әдіс-тәсілі: Ертегіні мұқият тыңдау.

Жаңа сөздер: төлі.

Билингвалдық компонент: Сиыр- корова. Жылқы- лошадь.Қой- баран.

Сабақтың барысы: Балалар бір-бірімізге жылулық лебізімізді айтайықшы.

Каусар сенің көзің әдемі. Тәрбиеші балаларға «Төлдер айтысы» ертегісін айтып береді.Үстел-үсті театры.

-Ертегі не туралы айтылған?

Төлдер туралы.

-Ертегіде қандай төлдер кездеседі?

-Лақ ненің төлі?

Ешкінің төлі.

-Қошақан ше?

Қойдың төлі.

-Бұзаудың анасын не дейміз?

Сиыр деп атаймыз.

Төлдерге неге таласып дауласады?

Иесінің мақтауын айтады.Оларға кім төрелік етеді?

Адамдар.

Дидактикалық ойын «Төлдерін тап және ата»

Қорытынды: Үй жануарларының төлдерін атай біледі. Ертегі туралы түсінді.

Күні 27.01.21ж

Вариативтік компонент.Ортаңғы «Балдәурен» тобы

Тақырыбы: «Қысқы баспана» ертегісі.

Мақсаты: Ертегіні мұқият тыңдай білуге үйрету.Ертегінің ерекшелігін түсіну.Баланың ой-өрісін кеңейту.Тіл байлығын дамыту. Көрнекілігі: суреттер,киімдер.

Әдіс-тәсілі: Ертегіні сахналау,ойын.

Жаңа сөздер: баспана.

Билингвалдық компонент: Қыс-зима.Ертегі-сказка.

Сабақтың барысы: Балалар бір-бірімізге жылулық лебізімізді айтайықшы.

Айдай арайлап,

Күндей жарқырап.

Судай таза көңілмен,

Біз ертекті бастаймыз.

Балалар бірге қайталап айтады.

Балалар бүгін мен сендерге «Қысқы баспана» ертегісін айтып беремін,сендер соны сахналап бересіңдер.

Бұқа –Ернар,әтеш- Саян,қошқар- Жігер, мысық- Ақбота сахналап көрсетеді.

Балалар бірігіп сахналайды. Олар бәрі бірігіп,жылы үй тұрғызады.

Оларға кім шабуыл жасайды?

Балалардың жауаптары қасқыр.

Оларды қасқыр жеп қояды ма?

Балалар жоқ.

Қимылды ойын «Мысық пен тышқан».

Қорытынды: Балалар ертегі желісін ретімен орындауды білді.Ойын шартын түсініп қызығып орындайды.

Күні 3.02.21ж

Вариативтік компонент.Ортаңғы «Балдәурен» тобы

Тақырыбы: «Шұбар тауық»

Мақсаты: Сөйлемді дұрыс құрап айта білу. Шығарма мәтіннің мән мағынасын бұзбай әңгімелеуді үйрету.ертегілерге қызығушылықтарын арттыру .

Көрнекілігі: Ертегі кейіптерінің суреттері,қуыршақтар.

Әдіс-тәсілі: Ертегіні түсіндіру, сұрақ-жауап.

Билингвалдық компонент: Тауық- курица

Сабақ барысы:

«Менің сүйікті ертегім»

жылулық шеңбері .

Балалар шеңберге тұрып, «Мен ертегіні жақсы көремін, себебі...» деп, жағымды қасиеттерін айтады.

Балалар мен сендерге бүгін «Шұбар тауық» ертегісін оқып

беремін.Тәрбиеші балаларға «Шұбар тауық» ертегісін айтып беріп сұрақ-жауап жүргізеді.

Балалар сұрақа жауап береді. Желілі-рөльдік ойын «Отбасы» .Балалар ойынды қызығып ойнайды.

Қорытынды: Балалар ойын шартын түсініп орындау ережесін білді.

Ертегі желісі мен орындауды түсінді.

Күні 10.02.21ж

Вариативтік компонент. Ортаңғы «Балдәурен» тобы

Тақырыбы: «Ақымақ қасқыр»ертегісі

Мақсаты: Ертегі арқылы балалардың есте сақтауын ертегіні сақналау арқылы дамыту. Балалардың тілін дамыту, сөздік қорын байыту.

Көрнекілігі:Суреттер.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету.

Жаңа сөздер: қасқыр.

Билингвалдық компонент:қасқыр-волк. -

Балалар мына суретте қандай жануарды көріп тұрсыңдар? -

Қасқырдың.

Қасқыр туралы тақпақ білемізбе, еске түсірейік.

«Қасқыр»

Мен-кокжал қасқырмын,

Малшыны састырдым.

Аш болсам,ұлимын,

Ауылды торимын.

Балалар біз қандай аң туралы айттық?

Қасқыр туралы айттық.

Мен сендерге бүгін «Ақымақ қасқыр» туралы ертегі айтып беремін.

-Ақымақ қасқыр кімді кездестірді?

-Қойды- ешкіні және қойшыны. -

Қасқыр қандай аң?

Аңқау алданғыш аң.

Қимылды ойын «Мені қуып жет»

Қорытынды:

Қасқыр жабайы аң.Ойынды қызыға ойнады.

Күні: 17.02.21ж

Вариативтік компонент.Ортаңғы «Балдәурен» тобы

Тақырыбы: «Төлдер айтысы » ертегісі .(Қуыршақ театры)

Мақсаты: Ертегіні түсіндіру барысында сөздік қорын,сөйлеу қорын,сөйлеу мәдениетін ойлау қабілеттерін дамыту. Олардың өмір сүру ортасын,қозғалу әдістері туралы түсініктерін ұлғайту.

Көрнекілігі: Үй жану арларының суреттері мен атрибуттары.

Әдіс- тәсілдер:Әңгімелеу, түсіндіру, үйрету ,рөлге ену.

Билингвалды компонент:

Сабақ барысы:

«Малдың баласын сую»

Қой сүйеді баласын «қоңырым» - деп,

Ештеңені білмейтін «момыным»- деп.

Сыиыр сүйеді баласын «торпағым» -деп,

Қараңғыда баспаған « қорқағым » -деп.

Түйе сүйеді баласын «боташым »-деп,

Жаудыраған көзіңнен ,«тотошым »-деп.

Ешкі сүйеді баласын «лағым»-деп,

Тастан-тасқа секірген «шұнағым»-деп.

Жылқы сүйеді баласын «құлыным»-деп,

Тұлпар болып жүгірер « жұлыным»-деп.

Балалар мен не туралы тақпақ оқыдым.

–Сендер маған үй жануарларын атап беріңдерші?

–Сиырдың төлін не деп атаймыз?

- Түйенің төлін не деп атаймыз? -

--Жылқының төлін не деп атаймыз?-

--Қойдың төлін не деп атаймыз?

Балалардың жауабы.

-Үй жануарларының бізге қандай пайдасы бар?

-Дұрыс балалар біз олардың сүтін ішеміз, құртын жейміз, етін жейміз, жүнінен киім тоқимыз.

–Сендер үй жануарларына қандай қамқорлық жасайсыңдар?

Бүгін сендерге « Төлдер айтысы » ертегісін айтып беремін .

- Сендерге ертегі ұнадыма?

- Ертегі не туралы екен?

–Осы ертегіні қуыршақ театры арқылы көрсетіп бересіңдер.

Қимылды ойын: «Қояным»

Қорытынды:Балалар жануарлардың төлдерін атай біледі.

Күні: 24.02.21ж

Вариативтік компонент.Ортаңғы «Балдәурен» тобы

Тақырыбы: «Қоянның үйшігі » ертегісі сахналау.

Мақсаты: Ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға, кейіпкерлерді ойнағанда мінез –құлқын біле білуге үйрету.

Көрнекілігі:Әтеш,түлкі,қоян, иттің атрибуттары ,үйшік. Әдіс-

тәсілдер:Әңгімелеу, түсіндіру, үйрету ,рөлге ену.

Билингвалды компонент: әтеш-петух, қоян-заяц, түлкі-лиса,ит- собака.

Сабақ барысы:

« Сұр қоян »

Ұзын құлақ ,сұр қоян ,

Естіп қалып сыбдырды.

Ойлы-қырлы жерлермен,

Ытқып-ытқып жүгірді.

Қарап едіартына,

Қиығын сап көзінің,

Келе жатқан томпаңдап,

Көжегі екен өзінің.

Балалар біз қандай аң туралы пақпақты еске түсірдік.

-Қоян туралы.

Енді мен сендерге «Сұр қоян» ертегісін айтып берейін.

-Ертегіде қандай кейіпкерлер бар екен?

Қоян, түлкі, ит,аю.

Қоянның үйшігі неден жасалған екен?

--

Ағаштан

Түлкінің үйшігі неден жасалған екен?

-Мұздан,Қоянның үйшігін кім алып берді?

-Әтеш

«Әтештің әні»

Мақсаты: Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру. Тіктөртбұрышты қағазды біріктіріп бүктеу және бір-біріне желімдей білуге үйрету. Оны әшекейлеуге көркемдік талғамын дамыту, бастаған ісін аяғына дейін шыдамдылықпен жеткізе білуге тәрбиелеу.

Қажетті құралдар: Әр балаға бірнеше ақ парақ қағаз, түрлі-түсті қағаз, жіңішке лента, қайшы, желім, әліппе-дәптер, дайын альбом үлгілері.

Сабақ барысы: Балаларға әліппе-дәптердегі үлгіні көрсетіп, жасау ретін талдайды.

Ұсынылған тапсырманы орындауға бағыт береді.

-Балаларға парақ қағазды алып, біреуін дәл ортасынан бүктеп көрсетеді.

-балалар қайталайды, қалған бірнеше парақты алып, біріктіре ұстап, оларды ортасынан бүктейді, (әр парақты және бүктеуге де болады). Бүктелген қағаздарды бірінің үстіне бірін қойып түптерін желімдейді.

-түрлі түсті қағаздан альбом беттерінің өлшемімен бірдей мұқаба жасайды.

-Альбомның мұқабасының ішіне бір-біріне желімдеген беттерді алады.

-лента байлайтын орынды тесу құралымен теседі. (тәрбиешінің көмегімен атқарылады) - лентаны тегістелген орнын өткізіп сәндеп, байлайды. Қиналған балаларға көмек береді.

05. 02. 2021

Тақырыбы: Жапырақтардан кірпі жасау

Мақсаты: Жапырақтар мен жұмыс жасау арқылы кірпінің бейнесін құрастыру іскерлік дағдыларын қалыптастыру. Баланың ой-қиялын дамыту, көркемдік талғамын арттыру. Эстетикалық сезімдерге тәрбиелеу.

Қажетті құралдар: Құрғақ әр түрлі жапырақтар, түрлі-түсті қағаздар, қылқалам, ұсақ жануарлар, қайшы.

Сабақ барысы: Жануарлар өмірі жайында әңгімелесу. Кірпі мен қасқыр ертегісін естеріне түсіру. Жұмбақ жасыру. Дегендей ешкім тимесін,

Алыпты қадап инесін (кірпі)

Жапырақтарды сұрыптау кірпінің бейнесіне келетіндерін таңдап алу. Бүгін осындай жапырақтардан кірпінің бейнесін жасайтындықтарын ол үшін алдымен:

-Үлгі суретке мұқият қарау, үлгіні талдау жасату. Жапырақтарды таңдап алып төменгі бөлшегін қиып тегістеу. Мүмкіндік болса, екі кірпіш қарама-қарсы орналастыруға бағыт беруге болады.

-Жапырақтардың шеттері кірпінің инелері тәрізді болады. Көзін, тұмсығын, аяғынермексазбен н/е фломастермен толықтыру ұсынылады.

12.02. 2021

Тақырыбы:Қоржын жасау

Мақсаты:Балаларды еңбекке баулу арқылы жағымды мінез-құлық дағдыларына үлкендер еңбегін құрметтеуге, өз ұлты және басқа халықтардың қолөнерін түсінуге тәрбиелеу. Қажетті құралдар:Қалың қағаз, дайын гүл, ою, қайшы, сызғыш.

Сабақ барысы:Қоржын жасауға, қалың қағазды пайдаланамыз. Бүктеу сызығын сызғышпен тегістейміз. Қағаздың қақ ортасын белгілейміз.

1.Белгі бойынша екі қабаттап бүктейміз.

2.Бүктелген қағаздың тұйық жағынан ойық жасаймыз.

3.Екі жағын сыртқа қайырып жиектерін желімдейміз.

4.Қоржынды сәндейміз.

5.Бұрынғы кезде қазақ халқы қоржынды жиі қолданған. Оны киізден және қалың матадан жасаған. Әшекейлеп сәндеген. Қоржынның киім-кешек және азық-түлік салатын екі түрі бар.

19. 02. 2021

Тақырыбы:Тырна (қағазбен жұмыс)

Мақсаты: Балалардың қағазбен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырып, тырнаны қағаздан қиып жолдарымен таныстыру. Жұмысты ұқыпты жасауға, құстарға қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.

Қажетті құралдар: сурет, құстардың суреті, қиюға арналған қағаздар, қайшы, желім т.б. **Сабақ барысы:**Тәрбиеші балаларға құстар жайында әңгімелеседі. Суреттерді пайдаланып «Бұл қандай құс?» ойынын ойнатады. Суреттерді кезектестіре көрсетеді, балалар аттарын атайды. (аққу, көгершін, торғай, тырна, жапалақ, қараторғай, қарлығаш, қарға). Құстарға қандай қамқорлық көрсетер едіңдер.

Балалар: Ұя жасаймыз, жем сауыт береміз т.б.

Тәрбиеші:Құстарға байланысты қандай тиым сөздер білесіңдер?

Аққуды атуға болмайды. Құстардың ұясын бұзуға болмайды. Балалардың жауабын мадақтап тәрбиеші құстар жайында жұмбақ жасырады.

Алшақ-алшақ болады.

Бірін-бірі көрсе, қиқылдасады. Ол не?

Балалармен достасып, жазда бақты қорғайды.

Күзде кетер қоштасып. Кім біледі?(торғай)

Көкте ұшады тізіліп

Біз қараймыз қызығып (тырналар)

Дидактикалық материалдар үлгіні талдау жұмысы естеріне түсіреді, сызық бойынша қию тәсілі көрсетіледі.

26. 02. 2021

Тақырыбы:Қымыз құятын тостаған

Мақсаты:Кесек ермексаздан қымыз құятын торсықты мүсіндеу әдіс-тәсілдерін меңгерту.

Торсықты әр түрлі әдіс-тәсілдермен безендіру. Торсықтың пішініне сәйкес ою-өрнектерді таңдап талғап әшекейлеу жолдарын түсіндіру. Ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.

Қажетті құралдар: 2-3 түрлі ермексаз, тақтайшалар, таяқшалар.

Әдіс-тәсілі:әңгімелеу, сұрақ-жауап.

Сабақ барысы: Тәрбиешіқымыз құятын ыдысты көрсетіп (немесе суретін) оның пішініне, көлеміне ою-өрнектермен әшекейлеуіне назар аударады. Балаларға торсықтың тұрмыста қолданылуы жайында әңгімелейді. Ұзақ жолға шыққан жолаушы (ер жігіт) торсықты қымызды толтырып алып, шығады. Жолда ішінен қымыз әрі шөл қандырады, әрі күш береді. Тәрбиеші балаларға торсықтың жасалу жолдарын әдіс-тәсілдерін көрсетеді.

Әліппе-дәптерден орындалу ретін қарап қандай әдіс-тәсілдерін қолдану қажеттігін таңдау ұсынылады.

05. 03. 2021

Тақырыбы: 8-Наурызға тарту

Мақсаты: Рельефті жапсыру әдістерімен таныстыру, әсем безендіру, дағдыларын қалыптастыру, эстетикалық талғамын арттыру, ата-аналарына сыйлық дайындау және сыйлық беруге тәрбиелеу.**Қажетті құралдар:**Түрлі-түсті қағаздар, желім, сүлгі және үлгі көрнекіліктер.**Сабақ барысы:**Тәрбиеші балаларға 8-Наурызға аналарға, әжелерге, сіңлілеріне, апайларға арналған ашықхат дайындауды ұсынады. Ашықхаттың сыртқы бетіне қағаз түсі таңдалады. Екі қызыл түсті дөңгелектерден бөлек-бөлек қиып алып, оларды бірінің-үстіне бірін сәл біріктіре орналастыру арқылы 8 жасайды.

Гүлді түсті қағаздан қиып алады, оттың ортасы қызғылтсары сабағы мен жапырағы ашық жасыл түсті қағаздан қиып жапсырылады. Дайын болған ашық хаттарды бәрі бірігіп қарап, оны аналарына сыйға тартқанда 8-Наурыз туралы өлең тақпақ айтып берулеріне тапсырыс береді.

12. 03. 2021

Тақырыбы:Қайық (қағазбен жұмыс) Оригами

Мақсаты:Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру.

Қажетті құралдар:қағаз, қайшы

Сабақ барысы:Тік төртбұрыш қағазды екіге бүктеу және бір-біріне қарама-қарсы бүктеу содан соң қайта бір-біріне екі ұшын соңына жеткізбей қайыру, шеткі жиегін екі ұшын бастырып қайыру, екінші бетін дәл солай қайыру ортасынан ашу екі ұшын тағы қайыру, нәтижесінде қайық жасау жасалған қайықты серуенге барғанда суға жүздіру.

19.03. 2021

Тақырыбы: Ою-өрнек әлемі (түрлі-түсті жіптермен жұмыс)

Мақсаты:Түрлі-түсті жіптермен жұмыс жасау дағдыларынқалыптастыру, еңбектің бұл түріне деген қызығушылықтарын арттыру. Ою-өрнекті әшекейлеу жұмысы арқылы көркемдік талғамын дамыту, ой-қиялын, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру, қазақтың ұлттық ою-өрнек үлгілерін жасау арқылы эстетикалық тәрбие беру.

Қажетті құралдар: Ою-өрнек элементтері (трафарет, шаблондар) суреттер, түрлі-түсті жіптер, қайшы,желім сүлгі, ақ немесе түрлі-түсті қатырма қағаз, қылқалам. **Әдіс-тәсілі:**Көрсету, түсіндіру іс-әрекеттің орындалу ретін баяндау үлгіні талдау.

Сабақ барысы: Түрлі-түсті жіптерден қиып жапсырылған ою-өрнек үлгілеріне балалардың назарын аударып, талдау жасау.

Осындай әдемі өрнектерді бүгін өздеріне жасау ұсынылады. Ол үшін алдымен ою-өрнек элементтерінің аттарын еске түсіреді (қошқармүйіз, түйетабан, қызғалдақ, құсқанаты,қайнар ботакөз, т.б.)

26. 03. 2021

Тақырыбы:Гүл жасау(ермексазбен және қағазбен жұмыс)

Мақсаты: Гүлдер туралы түсінік беру. Гүлдердің адам денсаулығына әсері туралы мәлімет беру. Гүлдерді күтіп баптауға тәрбиелеу. Гүлдер мен өсімдіктерге деген қамқорлық сезімдеріне тәрбиелеу.

Қажетті құралдар: ермексаз, қағаз, тақтайша, картон

Әдіс-тәсілі: есу, ширату, орау

Сабақ барысы: Жұмбақ

Адамдардың бәрі қызығады, ұстай берсе сәні бұзылады. Жауабы (гүл)

Әдемі гүлді тек қана өсіріп қана қоймай оны өз қолыңызбен жасауға болады екен ол үшін алдымен саусақтарыңызға жаттығу жасап алыңыз. Осындай жұмыстардан соң мүсіншілер жұдырықтарын жұмып, жасағандарын бағалайды. Тек осындай мықты берік жанұя ғана алдында тұрған мәселелер мен қиындықтарды сенімді түрде жеңе алады. Енді өзінің қолының күші мен ептілігіне сенген мүсінші гүлдер төресі – раушан гүлін мүсіндеуге кіріседі. Ермексазды шұжық тәрізді есу. Екі ұшын саусақпен қысып, «ұлу» секілді етіп орау. Бұтағын, жапырағын мүсіндеп, картонға орнату.

02.04. 2021

Тақырыбы: Ұшақ (қағазбен)

Мақсаты: Қағазбен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру. Қағазды бүктеу, теңестіру арқылы бүктеу сызығын тегістеу және қайыру, қиып алып бейне шығару дағдыларын қалыптастыру. **Қажетті**

құралдар: қағаз, қайшы

Сабақ барысы: Ұшақ жасау, жасаған ұшақтарын ұшырып ойнау.

- орындалу ретін түсіндіру. Балалар еңбегін талдау аяқталған жұмыстарын қорытындылау, ұшақтармен ойнату.

09.03. 2021

Тақырыбы: Жол белгісі (қажетсіз заттармен жұмыс) **Мақсаты:** Балаларға жол белгісі туралы түсінік беру, оларға өндіріске қажетсіз заттардан (киндердің қабығы, тіс шұқитын ши, сіріңкеден босаған қорап) жол белгілерін жасауды үйрету. Ойыншықтардың жасалу жолдарын түсіндіру. Жол ережесі туралы білімдерін жетілдіру. **Қажетті құралдар:** киндердің қабығы, тіс шұқитын ши, сіріңкеден босаған қорап, түрлі-түсті қағаздар, фломастер, желім қиқымы, сіріңкенің босаған қораптары, әліппе-дәптер

Әдіс-тәсілі: Түсіндіру, әңгімелеу, қажетсіз заттарды пайдалану жолдарын үйрету

Сабақ барысы: Педагог балалармен жол белгілерін, олардың атқаратын қызметі туралы әңгіме жүргізді.

Оларға барлық белгілерді көрсетіп қандай ескертулер жасалатынын сұрады. Әліппе дәптердегі үлгі суреттерге талдау жасалды.

1. Жол белгілерінің суретін салу немесе түрлі-түсті қағаздардан қиып тапсыру.
2. Дайындалған жол белгілеріне тіс шұқитын шеге немесе чупа-чупс таяқшасына, шыршаның түтікшесіне бекіту.
3. Киндердің қабығын бізбен тесу.
4. Жол белгілері бөлшектерін бір-біріне біріктіру. Педагог жұмыс кезінде әр балаға жеке көмек көрсетеді.

Бізбен жұмысты педагог өзі атқарады. Жол белгілерін пайдаланып, тәрбие жұмыстарын өткізуге болады.

16.04. 2021

Тақырыбы: Қарлығаштың ұясы

Мақсаты: Балалардың шыбық арқылы тоқу ынтасын тәрбиелеу. Құралдармен жұмыс істеу. Кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Қажетті құралдар: Жас шыбықтар, қайшы.

Балалардан қарлығаш ұясын қайда салатынын сұрайды (үйге, ағашқа, жардың қуысына т.б.)

Балалар қарлығаштың ұясын шыбықтарды айқастыра жасап, ішінен мақта салып жұмсақ болуын қадағалайды.

23.04.2021

Тақырыбы:Фольгадан зергерлік бұйымдар жасау

Мақсаты:Қол еңбегіне қызығушылығын қалыптастыру, өз бетімен әр түрлі сәндік бұйымдар жасауға үйрету.

Қажетті құралдар:Фольга, ине, жіп, қайшы.

Фольга – металдан жасалған жұқа, жылтыр материал. Фольга тез мыжылады. Демек одан әр түрлі құрамақтар жасауға болады. Оны саусақтарымызбен мыжып алақан арасымен ұмаждап домалақтап моншақ жасап жіпке ілеміз.

14.05. 2021

Тақырыбы:Композиция жасау (табиғи материалдардан)

Мақсаты: Табиғи материалдарды сәйкес білуге үйрету. Тұқымдарды жинап қатырма қағаз бетіне түрлі композиция жасауға дағдыландыру. Қатырма қағазды таңдап алып, дәндерін асқабақ дәндерін, күріш, маш, жүгеріні пайдаланып композиция жасау.

Қажетті құралдар:табиғи материалдар, кепкен жапырақтар, шырша бүрлері.

Сабақ барысы: Табиғи материалдармен жұмыс жасау жолдарын түсіндіру, желімді ұқыпты пайдалануға, қауіпсіздік ережелерін сақтауға үйрету.

21.05. 2021

Тақырыбы:Сулықты кестелеу (матамен жұмыс)

Мақсаты:матамен жұмысты жалғастыру, қарапайым кесте тігу өнерімен таныстыру, кесте жіптің ерекшелігін түсіндіру, тігіс түрлерін орындау, көркемдеу дағдыларын жетілдіру, инемен жұмыс істеу ережелерін сақтай білу.

Қажетті құралдар:шашақталған сулықтар (балалардың жұмысы) ине, екі түсті жіп қызыл, жасыл үлгілері, әліппе-дәптер.

Сабақ барысы:Өткен сабақта шашақтаған сулықтарына бүгін кесте тігетіндерін айтып балалардың іс-әрекетіне деген қызығушылығын арттырады. Алдымен балалар инемен жұмыс істеу ережесін естеріне түсіреді. Жіпті қалай өлшеу, қалай сабақтау ұшын түю, керектігін көрсетеді. Әліппе-дәптердегі үлгіге талдау жасалады, көктеп тігу тәсілдерінің үлгісі көрсетіледі. Тәрбиеші алдын ала шашақталған сулықтардың шетіне карандашпен түзу сызық сызып қояды. Бір сызықтың бойына балалар шаншып орынды белгілеп көрсетіп қояды. Балалар сызық бойымен алдыңғы сабақта үйренген көктеу тігісін жүргізіп шығады. Содан соң тәрбиеші басқа түсті жіпті алып, тігісін арасынан иреkteп өткізу тәсілін көрсетеді. Балалар дайындаған жұмыстарын бағалау, мақтау, мадақтау.

28.05. 2021

Тақырыбы: Альбом қағазбен (жұмыс)

Мақсаты: Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру.Тіктөртбұрышты қағазды біріктіріп бүктеу және бір-біріне желімдей білуге үйрету. Оны әшекейлеуге көркемдік талғамын дамыту, бастаған ісін аяғына дейін шыдамдылықпен жеткізе білуге тәрбиелеу.

Қажетті құралдар: Әр балаға бірнеше ақ парақ қағаз, түрлі-түсті қағаз, жіңішке лента, қайшы, желім,әліппе-дәптер, дайын альбом үлгілері.

Сабақ барысы: Балаларға әліппе-дәптердегі үлгіні көрсетіп, жасау ретін талдайды.

Ұсынылған тапсырманы орындауға бағыт береді.

- Балаларға парақ қағазды алып, біреуін дәл ортасынан бүктеп көрсетеді.
- балалар қайталайды, қалған бірнеше парақты алып, біріктіре ұстап, оларды ортасынан бүктейді, (әр парақты және бүктеуге де болады). Бүктелген қағаздарды бірінің үстіне бірін қойып түптерін желімдейді.
- түрлі түсті қағаздан альбом беттерінің өлшемімен бірдей мұқаба жасайды.
- Альбомның мұқабасының ішіне бір-біріне желімдеген беттерді алады.
- лента байлайтын орынды тесу құралымен теседі. (тәрбиешінің көмегімен атқарылады) - лентаны тегістелген орнын өткізіп сәндеп, байлайды. Қиналған балаларға көмек береді.

ЖШС «Қалдықыз ана» бөбекжай балабақшасы

БЕКІТЕМІН

«Қалдықыз ана» бөбекжай
балабақша меңгерушісі:

М.Б.Усербаева



Вариативтік компонент

Менталды арифметика

Мектепалды даярлық «Ақкөгершін» тобы

2020-2021

Вариативтік компонент «Менталды арифметика»

Ай аттары	Тақырыбы	Сағат саны
Қыркүйек	1.Менталды арифметика дегеніміз не ?	1
	2.Логикалық тапсырмалар	1
	3.Жылдамдыққа жаздыру. (0-5, 5-0)	1
	4.Абакуспен таныстыру	1
Қазан	1.Ұзын және қысқа тазартулар	1
	2.Флэш-картамен жұмыс (1-5 дейінгі карталарды көрсету).	1
	3.Жылдамдыққа жаздыру (0-9, 9-0 сандар).	1
	4.Логикалық тапсырмалар.	1
Қараша	1.Абакусте техниканы жаттықтыру.	1
	2.1-4-Даярлық жаттығуы	1
	3.Флеш картамен жұмыс (1-9 дейінгі карталарды көрсету)	1
	4.1-5 дейінгі тастарды қосу және азайту	1
Желтоқсан	1.Іргелі жаттығулар	1
	2.Есту жаттығулары	1
	3.Логикалық тапсырмалар	1
	4.Менталды есептеу (1-5 дейінгі сандар)	1
Қаңтар	1.Жылдамдыққа жаздыру (1 3 5 7 9 тақ сандар)	1
	2.Бір мезетте 6-9 дейінгі тастарды қосу азайту	1
	3.Логикалық тапсырмалар	1
	4.Кішкентай көмекшілер тұжырымдамасы	1
Ақпан	1.Жылдамдыққа жаздыру (2 4 6 8 жұп сандар)	1
	2.Флеш картамен жұмыс (1-15 дейінгі карталарды көрсету)	1
	3.Логикалық тапсырмалар	1
	4.Флеш картамен жұмыс (1-20 дейінгі карталарды көрсету)	1
Наурыз	1.Жылдамдыққа жаздыру жаттығуы (1-9,9-1 сандар)	1
	2.Менталды есептеу (1 ден-10 ға дейін)	1
	3.Логикалық тапсырмалар	1
	4.Екі таңбалы сандарды қосу және азайту	1
Сәуір	1.Флеш картамен жұмыс (1-30 дейінгі карталарды көрсету)	1
	2.Ойын: «Ұқсасын тап»	1
	3.Бір мезеттегі жоғарғы және төменгі тастардың жай жағдайы.	1
	4. Флеш-картамен жұмыс (1-40 дейінгі карталарды көрсету)	1
Мамыр	1. Екі таңбалы сандар 11-55. Сол қолмен жұмыс істеу.	1
	2. Флеш картамен жұмыс (1-50 дейінгі карталарды көрсету)	1
	3. Логикалық тапсырмалар	1
	4. Флеш-картамен жұмыс (1-100 дейінгі карталарды көрсету)	1
Барлығы		36

02.09.2020 ж

Білім саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Ментальды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: МА дегеніміз не?

Мақсаты: Балалардың математикаға деген қызығушылығын арттыру. «Ментальды арифметика» туралы түсінік беру.

Көрнекі құралдар: абакус, ақ парақ, карандаш.

Әдіс-тәсілі: сұрақ-жауап, ойын.

Жаңа сөздер: абакус, ментальды арифметика.

Барысы: Балаларға бірнеше сұрақтар қою арқылы танысу және балаларды бір-бірімен ойын арқылы таныстыру.

Балалар МА дегеніміз не? МА не үшін керек және болашақта оның маңызы қандай? Ментальды арифметиканы үйренсеңдер логикалық ойлау мен есте сақтау қабілеттерін дамытуға септігін тигізеді. Сондай-ақ, есепке жүйрік әрі өз-өзіне сенімді болуға үйретеді. Балалар, ойша кез келген арифметикалық есептерді калькулятордан бұрын дұрыс есептей алады. Ол үшін біз 0-9 ға дейінгі сандарды ретімен жазуды үйренуіміз керек. Алдарыңдағы ақ параққа 0-9-ға дейінгі сандарды ретімен жазыңдар. (Балалар 0-ден 9-ға дейінгі сандарды ретімен жазады). Нұрдәулет сенің жасың нешеде? Дұрыс айтасың 5 санын дөңгелектеп қоршап қой. Меруерт сенің жасың нешеде? Сен де 5 санын дөңгелектеп қоршап қой. Жарайсыңдар балалар сендер 0-9-ға дейінгі сандарды ретімен жаза біледі екенсіңдер. Біз сендермен осы 0-9ға дейінгі сандарды келесі сабақтарда жылдамдыққа жазуды үйренеміз.

Түйе, түйе маң басқан

Төрт аяғын тең басқан

Шұнақ құлақ бес ешкі

Қос қозылы, екі қой.

Бәрі нешеу айта ғой? (10)

Жарайсыңдар балалар сендер тапқыр, алғыр екенсіңдер. Сау болыңдар.

09.09.2020ж

Білім саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Ментальды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Логикалық тапсырмалар

Мақсаты: Балаларды логикалық есептерді ойша, әрі тез есептей білуге дағдыландыру. Логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыта отырып оқыту.

Көрнекі құралдар: тақта, суреттер.

Логикалық тапсырмалар

Кел балалар, ойнайық!

Ойнайық та ойлайық

Қандай есеп болса да,

Шешпей оны қоймайық. Қанекей балалар ойын ойнайық!

1)Далада тұр екі ешкі

Қорада тұр екі ешкі.

Екі ешкі мен екі ешкі

Болады екен неше ешкі? (4)

2)Табақта 5 алма

Мерей алды 3 алма

Сонда қалды неше алма? (2)

3)Үйге келді Мадияр

Оған қоса Алдияр

Кейін келді Айдана

Қанша болды бар бала? (3)

4) Көлден ұшып алты қаз.

Қайтып келді екі қаз.
Қонбай кетті қанша қаз?
Шешуін кім табады тез? (4)

16.09. 2020 ж

Білім саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Ментальды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Жылдамдыққа жаздыру. (0-5, 5-0)

Мақсаты: Балаларды жылдамдық пен шапшаңдыққа баулып, тез жазу жаттауы арқылы қабілеттерін дамыту.

Көрнекі құралдар: тақта, сандар.

Әдіс-тәсілі: жаттықтыру.

Жаңа сөздер: тұжырымдама.

Барысы: Балалар бүгін біз сендермен жылдамдыққа жаздыру жаттығуын орындаймыз.

Тақтаға қараңдаршы не көріп тұрсыңдар? Қане, санайықшы. Балалар 0 1 2 3 4 5 деп санайды. Ал енді осы тұжырымдаманы тақтаға жазамын: 0 1 2 3 4 5

-Балалар, осы сандарды өздеріңнің №1, тез жазуға арналған дәптерлеріңе жазып алыңдар.

Әр сан өз тор көзінде, бір тор көзіне екі сан жазуға болмайды. Сандардың арасында бос тор көз қалдырмаймыз. Жазып алдыңдар ма? Өте жақсы. Енді мен секундомер аламын, мен «Бастаймыз» деген кезде, сендер былай жазыңдар: 0 1 2 3 4 5

0 1 2 3 4 5

0 1 2 3 4 5

-Әр санның астына дәл сол сан жазылу керек, жанына кетіп қалуға болмайды. Көп сан жазуға тырысыңдар! Содан соң көреміз, бір минут ішінде қанша сан жаздыңдар, жарайды ма?(команда береміз)

- Енді біз қалай санаймыз? Бірінші жолды біз санамаймыз, себебі біз оны уақыттан тыс жаздық. Келесі жолдарды санаймыз (сол кезде балаларға ескертулер айтамыз, дұрыс, әдемі жаз деп немесе арасынан жол тастамаймыз деп т.с.с.).

23.09. 2020ж

Білім саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Абакус пен таныстыру

Мақсаты: Балаларды абакус пен таныстыру, зейіндерін шоғырландыру және ақпаратты тез қабылдау қасиеттерін дамыту.

Көрнекі құралдар: абакус, тақта, маркер.

Әдіс-тәсілі: қосу, азайту.

Жаңа сөздер: абакус, көлденең сызық.

Барысы: Балалар Абакус келесі бөліктерден тұрады: тіктөртбұрышты жиектеме: көлденең сызық абакусты жоғарғы және төменгі бөлікке бөледі. Мынау шилер. Онда жылжымалы тастар орналасқан. Біз есепті абакустың оң жағындағы бірінші санақ нүктесінен бастаймыз. Мұнда бірліктер, яғни 1-ден 9-ға дейінгі сандар орналасқан. Төменгі бөлігіндегі әр тас 1-ге тең. Төменгі тастарды көлденең сызыққа оң қолдың бас бармағымен қосамыз « + » және абакустың жиегіне қарай оң қолдың сұқ саусағымен азайтамыз « - ».

Абакустың жоғарғы бөлігіндегі барлық тастар ерекше. Бір тас болғанмен, ол 5-ке тең, сондықтан өзіне ерекше қарауды талап етеді. «5» санын оң қолдың сұқ саусағымен көлденең сызыққа қосамыз және сұқ саусақпен жиегіне қарай азайтамыз.

6, 7, 8, 9 сандары да осы шиде орналасқан. Көлденең сызыққа қарай оң қолдың бас бармағы және сұқ саусағымен бір мезетте қосамыз « + » және абакустың жиегіне қарай оң қолдың бас бармағы мен сұқ саусағымен бір мезетте азайтамыз « - ».

07.10. 2020 ж

Білім саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Менталды арифметика логикалық ойындар.

Тақырыбы: Ұзын және қысқа тазартулар

Мақсаты: Балаларды абакүспен жұмыс жасауға жаттықтыру. Ұсақ қол моторикасын дамыту.

Көрнекі құралдар: абакүс, қарындаш.

Әдіс-тәсілі: жаттықтыру, тазарту.

Жаңа сөздер: ұзын және қысқа тазарту.

Барысы: Абакүспен жұмыс жасау алдында оны тазартады. Тазартуды сатылап өткізеді. Ұзын тазарту фундаменталды жаттығулар және арнайы жаттығулар орындау алдында жүргізіледі.

Ұзын тазарту командалары:

Көтеріміз-барлық тастарды төменге қарай «түсіру» үшін жоғарғы тастарды көлденең сызыққа, төменгі тастарды абакүстің жиегіне қарай, абакүстің жоғарғы жағын партаның бетінен көтеріміз.

Түсіреміз- барлық тастар төменде (жоғарғы тастар көлденең сызықтың, төменгі тастар абакүстің жиегінің бойында қалатындай абакүсты бастапқы қалыпқа келтіреміз.

Тазарту – барлық жоғарғы тастар («5» цифрлары) абакүстің жоғарғы жиегіне көтерілу үшін оң қолдың сұқ саусағымен көлденең сызық бойымен солдан оңға қарай өткіземіз. Қысқа тазарту есептеу барысында жүргізіледі, яғни бірнеше шиде жұмыс жасағанда.

Қысқа тазарту командалары:

Дайындаламыз немесе тазарту – барлық жұмысшы тастар бастапқы қалыпқа келтіру үшін оң қолдың қабыстырылған бас бармақ және сұқ саусақтарымен көлденең сызық бойымен оңнан солға қарай өткіземіз.

14.10.2020 ж

Білім саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Флэш-картамен жұмыс (1-5 дейінгі карталарды көрсету). Бірдей

таңбалар **Мақсаты:** Балалардың фотографиялық есте сақтау қабілеттерін арттырып, зейіндерін шоғырландыру.

Көрнекі құралдар: Флэш-карта.

Әдіс-тәсілі: көрсету

Жаңа сөздер: флэш-карта.

Барысы: Флэш- картамен жұмыс. Флэш- карта ойыны балалардың фотографиялық есте сақтау қабілеттерін арттырып, зейіндерін шоғырландыруға септігін тигізеді. Ал, балалар қазір мен сендерге карточкаларды көрсетемін, ал сендер маған бұл қандай сандар екенін айтасыңдар (1-5 дейінгі сандар).

Бірдей таңбалар.

Балалар енді мұқият тыңдаңдар! Бүгін біз өте – өте маңызды ережемен танысамыз және бұл ереже сендермен осы жыл бойы қатар жүреді. Бұл ереже – «Бірдей таңбалар» ережесі деп аталады.

Таңба дегеніміз не? Таңба- мәтінді қысқартуға арналған арнайы символ. Қандай арифметикалық таңбаларды біз білеміз? +, -, =.

Мысалдар 1, 3, -1: 2, 1, -2: 3, 1, -2.

Маңызды: нұсқаушы бекітуге арналған мысалды демонстрациялық абакүсте көрсеткен кезде балалар нұсқаушының артынан ментальды түрде қайталау керек, даярлық абакүстарды тиіспейді. Балалар «Бірдей таңбалар» ережесін мен оқимын, сендер өздеріңнің даярлық абакүстарында орындайсыңдар, тек қана бір шиде. Жауаптарды жазбайсыңдар, барлығың бір мезетте айтасыңдар.

21.10.2020 ж

Білім саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Жылдамдыққа жаздыру(0-9, 9-0 сандар).

Мақсаты:Балаларды жылдамдық пен шапшаңдыққа баулып, сандарды ретімен жазуға үйрету.

Көрнекі құралдар: дәптерлер,қарындаштар,секундомер.

Әдіс-тәсілі: жаттықтыру.

Жаңа сөздер: тез жазу,секундомер.

Барысы: Жылдамдыққа жаздыру, жаздыру жаттығуын орындау. Тақтаға 0-9 және 9-0 сандарын жазу.

Балалар тақтадағы сандарды ретімен атаңдаршы.Балалар сандарды рет-ретімен айтады.

-Балалар, осы сандарды өздеріңнің №1 тез жазуға арналған дәптерлеріңе жазып алыңдар.Әр сан өз тор көзінде,бір тор көзіне екі сан жазуға болмайды. Сандардың арасында тор көз қалдырмаймыз.Жазып алдыңдар ма?Өте жақсы.Енді мен секундомер аламын,мен «Бастаймыз» деген кезде,сендер былай жазыңдар:

0 1 2 3 4 5 6 7 8 9

9 8 7 6 5 4 3 2 1 0

0 1 2 3 4 5 6 7 8 9

9 8 7 6 5 4 3 2 1 0

-Әр санның астына дәл сол сан жазылу керек,жанына кетіп қалуға болмайды.Көп сан жазуға тырысыңдар! Содан соң көреміз,бір минут ішінде қанша сан жаздыңдар.Жарайды ма?(Команда береміз).

-Енді біз қалай санаймыз? Бірінші жолды біз санамаймыз,себебі біз оны уақыттан тыс жаздық. Келесі жолдарды санаймыз:10,20,30... Жарайсыңдар балалар!

28.10. 2020 ж

Білім саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Логикалық тапсырмалар.

Мақсаты: Балалардың логикалық ойлау,есте сақтау қабілеттерін дамыта отырып,өз-өзіне деген сенімділіктерін арттыру.

Көрнекіліктер: тақта

Әдіс-тәсілі: оқу, сұрақ-жауап.

Жаңа сөздер: шұнақ құлақ, қабын алды.

Барысы:

Қонжық екеу, табаны нешеу?(8)

Кірпі ертең той жасамақ

Болғандықтан шақырмақ

Екі қонжық, үш көжек

Бес тиінді ертерек

Айтшы бәрін қостағы

Қанша кірпі достары (10)

Түйе, түйе маң басқан

Төрт аяғын тең басқан

Шұнақ құлақ бес ешкі

Қос қозы, екі қой

Бәрі нешеу айта ғой?

Дүкеннен сабын алды

Оның және қабын алдым.

Екі дәптер, бір қарындаш
Тіс ысқышты тағы алдым
Есептеші сонда бәрін
Қанша болады қолда барым?

04.11. 2020 ж

Білім саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Менталды арифметика логикалық ойындар.

Тақырыбы: Абакусте техниканы жаттықтыру.

Мақсаты: Балаларды абакуспен жұмыс істеу және оны қолданудың ережелерімен таныстыру.

Көрнекіліктер: абакус, қарындаш.

Әдіс-тәсілі: жаттықтыру.

Жаңа сөздер: абакус, жантайып.

Барысы: Балалар барынша зейін қойып абакуспен жұмыс істеу үшін оны қолданудың бірнеше ережелері бар:

1. Орындықтың шетіне отыру (жантайып отырмау), арқаны түзу ұстау (партаға жатпау), екі аяқты да еденге қою (аяқты айқастырмау) керек.
2. Абакусты партаның шетінен алақанның жалпақтығындай арақашықтықта орналастыру қажет.
3. Орталық шидегі нүкте мұрынға қарама-қарсы орналасу керек.
4. Қарындашты ұшталған жағын сыртқа қаратып, оң (сол қолымен жазатындарға -сол) қолға алу керек. Ол есеп жауабын жазып алуға дайын болу үшін қажет.

Түсіндіру (оң қолмен жазатындар үшін):

Оң қолдың алақанын ашамыз және қарындаштың ұшын сыртқа қаратып, оны ортаңғы саусақпен, атаусыз (безымянный) саусақпен және шынашақпен ұстаймыз. (сол қолмен жазатындар үшін):

Сол қолдың алақанын ашамыз, бас бармақ пен шынашақты бір-біріне қосамыз, қарындаштың ұшын сыртқа қаратып бас бармақ пен шынашақты ашамыз.

5. Абакусты сол қолдың үш саусағымен ұстау қажет: бас бармақ, атаусыз (безымянный) және шынашақпен, ортаңғы және сұқ саусақтар бос болу керек.

11.11. 2020 ж

Білім саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Менталды арифметика логикалық ойындар.

Тақырыбы: 1-4- Даярлық жаттығулары.

Мақсаты: Балалардың ұсақ моторикасын дамыту және абакуста жұмыс істеу техникасын қалыптастыру.

Көрнекілігі: абакус.

Әдіс-тәсілі: жаттықтыру.

Жаңа сөздер: ұзын, қысқа тазарту, ши.

Барысы: Даярлық жаттығуларын орындау барысында нұсқаушы әр баланың есеп шығаруға дайындығын қадағалау керек.

Әр даярлық жаттығуы командамен басталады және аяқталады.

Жаттығуларды нұсқаушы командалары бойынша нақты орындау керек. Командалар:

1. Дайындаламыз (ұзын тазарту)
 2. 1 (2,3,4) даярлық жаттығуы
 3. Бастаймыз.
 4. 1 (2,3,4) даярлық жаттығуы аяқталды
- 1- даярлық жаттығуын орындау Абакустың әр шиінде солдан оңға қарай оң қолдың бас бармағымен «1» санын қосу керек.

Түсіндіру: оң қолдың бас бармағымен «1» санын әр шиде солдан оңға қарай көлденең сызыққа қарай қосамыз. Тағы «1» саны бар ма? Оң қолдың бас бармағымен әр шиде солдан оңға қарай «1» санын қосамыз.

«1» санын қосып болған соң, оны оң қолдың сұқ саусағымен солдан оңға қарай азайту керек. Түсіндіру: оң қолдың сұқ саусағымен әр шиде солдан оңға қарай «1» санын абакустың жиегіне қарай азайтамыз. Тағы «1» саны бар ма? Оң қолдың сұқ саусағымен әр шиде солдан оңға қарай «1» санын азайтамыз.

Кері байланыс: баланың материалды түсінуін анықтау үшін үнемі сұрақ қою қажет. Мысалы, «1» санын бас бармақпен азайтуға бола ма? Даярлық жаттығуларын солдан оңға қарай орындауға бола ма?

Дәл осылай 2,3 және 4- даярлық жаттығулары орындалады.

18.11. 2020 ж

Білім саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Флэш-картамен жұмыс (1-9 дейінгі карталарды көрсету).

Мақсаты: Балалардың фотографиялық есте сақтау қабілеттерін арттырып, зейіндерін шоғырландыру. Жылдамдық пен шапшаңдыққа баулу.

Көрнекі құралдар: Флэш-карта

Әдіс-тәсілі: көрсету, ойын

Жаңа сөздер: флэш-карта

Барысы: Флэш-картамен жұмыс. Флэш-карта ойыны балалардың фотографиялық есте сақтау қабілеттерін арттырып, зейіндерін шоғырландыруға септігін тигізеді. Ал, балалар қазір мен сендерге карточкаларды көрсетемін, ал сендер маған бұл қандай сандар екенін айтасыңдар. (1-9 дейінгі сандар).

Кері байланыс: абакуста біртаңбалы сандарды көрсетіп, әр баладан «Бұл қандай сан?» деп сұрау қажет. Барлығы да жаңа материалды түсініп алғанына көз жеткізу керек.

25.11. 2020 ж

Білім саласы: Таным

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: 1-5 дейінгі тастарды қосу және азайту

Мақсаты: Балалардың математикаға деген қызығушылығын арттыру. Абакуспен жұмыс істеу техникасын жаттықтыру.

Көрнекі құралдар: абакус, тақта

Әдіс-тәсілі: жаттықтыру

Жаңа сөздер: абакус, бас бармақ, сұқ саусақ

Барысы: Балалар есеп 1-ші шиден басталады. Бұл шиде 1-ден 9-ға дейінгі сандар орналасқан.

Абакустың төменгі бөлігіндегі әр тас 1-ге (бірлік) тең. Төменгі тастарды көлденең сызыққа оң қолдың бас бармағымен қосамыз «+» және абакустың жиегіне қарай оң қолдың сұқ саусағымен азайтамыз «-».

Абакустың жоғарғы бөлігіндегі тастар ерекше. Бір тас болғанмен, ол 5-ке (бес) тең, сондықтан өзіне ерекше қарауды талап етеді «5» санын оң сұқ саусағымен көлденең сызыққа қосамыз «+» және абакустың жиегіне қарай азайтамыз.

02.12. 2020 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Іргелі жаттығулар.

Мақсаты: Балаларды жылдамдық пен шапшаңдыққа баулып, есте сақтау қабілеттерін арттырып, зейіндерін шоғырландыру.

Көрнекі құралдар: абакус, дәптер.

Әдіс-тәсілі: жаттықтыру.

Жаңа сөздер: іргелі жаттығу.

Барысы: Іргелі жаттығулар – бұл өткен тақырыпты бекітуге және ұсақ моториканы жетілдіруге арналған арнайы жаттығулар. Жаттығулар абакустың бүкіл шилерінде орындалады және таңбалар әрқашан айтылады.

Мысалы:

Ежіктеу:

3 Әр шиге 3-ті теріңіз,
-1 әр шиген 1-ді азайтыңыз,
5 әр шиге 5-ті қосыңыз.

Жауап: 7

Ежіктеу:

1 Әр шиге 1-ді теріңіз,
3 әр шиге 3-ті қосыңыз,
1 әр шиге 1-ді қосыңыз

Жауап: 5

Ежіктеу:

4 Әр шиге 4-ті теріңіз,
-2 әр шиген 2-ні азайтыңыз,
1 әр шиге 1-ді қосыңыз.

Жауап: 3

09.12.2020 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Есту жаттығулары

Мақсаты: Балалардың математикаға деген қызығушылығын арттырып, есептеу қабілеттерін дамыту.

Көрнекі құралдар: абакус, дәптер, қарындаш

Әдіс-тәсілі: жаттықтыру, шешу

Жаңа сөздер: есту жаттығулары, жоғары, төмен

Барысы: Есту жаттығуларын орындаған кезде, балалар жауаптарды арнайы дәптерлерге (есту жаттығуларына арналған) жазулары керек. Ыңғайлы болу үшін, бұндай дәптерлердегі торлар кәдімгілердікінен үлкенірек болып жасалынған.

Сызықтарды сызу:

Бірінші баған - 2 тор

Атауы: №

Толтырылуы: бағандағы нумерация 1-ден 20-ға дейін Екінші және қалған бағандар - 4 тор Атауы: жауап және нәтиже

Нәтижелер сызық арқылы бөлініп, жоғарыдан төмен қарай жазылады: жоғарыда дұрыс жауаптар саны, төменде барлық есептер саны.

Мысалдар шешіліп болған соң, жауаптардың астына формула жазылады: D- таңбалар саны (бір таңбалы сандар, екі таңбалы сандар)

R- мысалдағы қатарлар саны

- мысал нақты абакуста шешілген болса

* - мысал менталды абакуста шешілген болса
Мысалы:

Біртаңбалы сандардан құралған құралған есеп - 1D

Төрт қатардан тұрады - 4R

Жай жағдай Ж.Ж.

Нақты абакустың көмегімен шешілген - #

23.12. 2020 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Менталды есептеу (1-5 дейінгі сандар)

Мақсаты: Балаларды арифметикалық және логикалық есептерді ойша, әрі тез есептей білуге дағдыландыру.Өз-өздеріне деген сенімділіктерін арттырып,ақпаратты тез қабылдау қасиеттерін дамыту.

Көрнекі құралдар: тақта, абакус

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, ойлау

Жаңа сөздер: менталды

Барысы: Менталды есептеу барысында балаларға барлық абакусты елестету қажет емес.Оларға тек пайдаланылатын тастарды елестету жеткілікті.Бала тастарды елестету мен қатар сезінгені дұрыс.

Ескерту: балалар саусақтарымен дұрыс жасап жатқанына назар аударыңыздар.Дұрыс менталды есептеу үшін барлық балалар сандарды дұрыс қосып және азайта білу керек. Менталды есептеуге арналған мысалдар, есту жаттығулары секілді орындалады.

30.12.2020 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Логикалық тапсырмалар

Мақсаты: Балаларды арифметикалық және логикалық есептерді ойша,әрі тез есептей білуге дағдыландыру. Логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыта отырып оқыту.

Көрнекі құралдар: тақта

Әдіс-тәсілі: оқу, сұрақ-жауап

Жаңа сөздер: сараң, руль,доңғалақ

Барысы: Кел, балалар,ойнайық!

Ойнайық та ойлайық

Қандай есеп болса да,

Шешпей оны қоймайық

Қанекей балалар ойын ойнайық.

Алты кәмпит көп еді,

Сараңдығым жоқ еді.

Бір кәмпитім атаға,

Бір кәмпитім апаға,

Екі кәмпиті мамаға

Бірін берсем көкеге

Өзіме де жете ме?

Үш қой қосу екі қой,

Жалпы саны ...неше ғой.

Екі қой-қайта алғаным,

Айтшы қанша қалғанын.

Әкесі мен екі баласы велосипед теуіп жүр. Анасы рульдер мен доңғалақтарды санағысы келді. Рульдер-2, ал доңғалақтар-5 болды.Велосипед нешеу және олар қандай?

06.01. 2021 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Жылдамдыққа жаздыру (1 3 5 7 9 тақ сандар)

Мақсаты: Балаларды жылдамдық пен шапшаңдыққа баулып, сандарды ретімен жазуға үйрету.

Көрнекі құралдар: дәптерлер, қарындаштар, секундомер

Әдіс-тәсілі: жаттықтыру

Жаңа сөздер: секундомер

Барысы: Тақтаға 1 3 5 7 9 сандарын жазу. Балалар тақтадағы сандарды ретімен атаңдаршы. - Балалар, осы сандарды 1, тез жазуға арналған дәптерлеріңе жазып алыңдар. Әр сан өз тор көзінде, бір тор көзіне екі сан жазуға болмайды. Сандардың арасында тор көз қалдырмаймыз. Жазып алдыңдар ма? Енді мен секундомер аламын, мен бастаймыз деген кезде, сендер былай жазыңдар:

1 3 5 7 9

1 3 5 7 9

1 3 5 7 9

Әр санның астына дәл сол сан жазылу керек, жанына кетіп қалуға болмайды. Көп сан жазуға тырысыңдар! Содан соң көреміз, бір минут ішінде қанша сан жаздыңдар. Жарайды ма? (Команда береміз)

Енді біз санаймыз. 5, 10, 15, 20. Жарайсыңдар балалар.

13.01. 2021 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Бір мезетте 6-9 дейінгі тастарды қосу және азайту.

Мақсаты: Балалардың математикаға деген қызығушылығын арттыру. Абакус пен жұмыс істеу техникасын жаттықтыру.

Көрнекі құралдар: абакус, тақта

Әдіс-тәсілі: жаттықтыру

Жаңа сөздер: абакус, бас бармақ, сұқ саусақ.

Барысы: Балалар есеп 1-ші шиден басталады. Бұл шиде 1-ден 9-ға дейінгі сандар орналасқан.

Абакустың төменгі бөлігіндегі әр тас 1-ге (бірлік) тең. Төменгі тастарды көлденең сызыққа оң қолдың бас бармағымен қосамыз. «+» және абакустың жиегіне қарай оң қолдың сұқ саусағымен азайтамыз «-».

Абакустың жоғарғы бөлігіндегі барлық тастар ерекше. Бір тас болғанмен, ол 5-ке (бес) тең, сондықтан өзіне ерекше қарауды талап етеді. «5» санын оң қолдың сұқ саусағымен көлденең сызыққа қосамыз. «+» және абакустың жиегіне қарай азайтамыз «-».

6, 7, 8 және 9 сандары да орталық шиде орналасқан. Көлденең сызыққа қарай оң қолдың бас бармағы және сұқ саусағымен Бір мезетте қосамыз «+» және абакустың жиегіне қарай оң қолдың бас бармағы және сұқ саусағымен бір мезетте азайтамыз «-».

20.01. 2021ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Логикалық тапсырмалар

Мақсаты: Балалардың логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыта отырып, өз-өзіне деген сенімділіктерін арттыру.

Көрнекі құралдар: тақта, сурет

Әдіс-тәсілі: оқу, сұрақ-жауап

Жаңа сөздер: себет, еңбекшіл

Барысы: Кел, балалар,ойнайық!
Ойнайық та ойлайық
Қандай есеп болса да,
Шешпей оны қоймайық
Сатып алып бір сәбіз,
Қойды үйрек себетке
Тағы сонша қосса оған,
Нешеу болмақ әдетте?

Үш алманы бақтағы,
Кірпі барып жинады
Ең әдемі тәттісін,
Ақ тиінге сыйлады
Ыдыстағы алманың
Санап көрші қалғанын!

Құмырсқалар еңбекшіл,
Ұйымшыл және ол көпшіл
Екеуі жүр дән тасып,
Екеуі шөпке жармасып
Сонда шырша түбінде
Нешеу болды, санап шық?

27.01. 2021 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Кішкентай көмекшілер тұжырымдамасы

Мақсаты:Балалардың логикалық ойлауын арттырып, кез-келген күрделі жағдайдан шығудың жолдарын үйрету.

Көрнекі құралдар: тақта, маркер, дәптерлер, қарындаштар

Әдіс-тәсілі:түсіндіру

Жаңа сөздер:кішкентай көмекші

Барысы:Тұжырымдаманы тақтаға жазамыз: 1 4 2 3 4 1 3 2 1 4

-Балалар, қалай ойлайсыңдар,бұл қандай сандар? Неге тек қана осы сандарды жаздық? Бұл жай сандар емес, бұл кішкентай көмекшілер (К.К) деп қиын жағдай кезінде бір-біріне көмекке келетін сандарды атайды, олардың сомасы 5-ке тең болады.Қараңдар,1 мен 4 бірге 5 болады, 2 және 3 бірге 5 болады,4 пен 1 бірге 5 болады,3 пен 2 бірге 5 болады.

-Ал неге біз 1 мен 4-ті қайталадық?Жай бізге қанша сан жазғанамызды санау ыңғайлырақ болу үшін бір жұпты қайталап жаздық.К.К біз басқа ретпен де жаза аламыз.Бірақ ол маңызды емес!Бір-бірінің қасында тұрған сандардың қосындысы 5-ке тең болғаны маңызды. Ал неге 5? Неге 6 емес,7 немесе 8 емес?Себебі 5 саны - менталдық арифметикада ерекше сан.Ол несімен ерекшеленеді? Себебі ол 1 тас,бірақ 5-ке тең. 5 саны-кішкентай көмекшілердің ерекше саны. К.К-ді қалай тезірек есте сақтасақ болады? Алақанымызды ашайық, 1 саусағымызды жұмайық, қанша саусақ қалды?4, дұрыс!Яғни, 1 санының К.К-сі 4 саны.Балалар, мұқият болыңдар, алақанымызды ашайық,2 саусағымызды жұмайық,қанша саусақ қалды?3, дұрыс!Яғни,2 санының К.К –сі 3 саны! (Дәл осылай басқа кішкентай көмекшілерді түсіндіреміз).

03.02. 2021 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Жылдамдыққа жаздыру (2 4 6 8 жұп сандар)

Мақсаты: Балаларды жылдамдықпен шапшаңдыққа баулып, жұп сандарды ретімен жазуға үйрету.

Көрнекі құралдар: дәптерлер, қарындаштар, сандар.

Әдіс-тәсілі: жаттықтыру.

Жаңа сөздер: жұп сандар.

Барысы: Балалар бүгін біз сендермен жылдамдыққа жаздыру жаттығуын орындаймыз.

Тақтаға қараңдаршы қандай сандарды көріп тұрсыңдар? Қане санайықшы 2 4 6 8. Ал енді осы тұжырымдаманы тақтаға жазамын 2 4 6 8.

-Балалар, осы сандарды өздеріңнің тез жазуға арналған №1 дәптерлеріңе жазып алыңдар. Әр сан өз тор көзінде, бір тор көзіне екі сан жазуға болмайды. Сандардың арасында бос тор көз қалдырмаймыз. Жазып алдыңдар ма? Өте жақсы. Енді мен секундомер аламын. «Бастаймыз» деген кезде, сендер былай жазыңдар. 2 4 6 8

2 4 6 8

-Әр санның астына дәл сол сан жазылу керек. Көп сан жазуға тырысыңдар!

-Енді біз қалай санаймыз? Бірінші жолды біз санамаймыз, себебі біз оны уақыттан тыс жаздық. Келесі жолдарды санаймыз. (сол кезде балаларға ескертулер айтамыз, дұрыс әдемі жаз деп немесе арасынан жол тастамаймыз деп т.с.с.)

10.02. 2021 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы:Флеш-картамен жұмыс. (1-15 дейінгі карталарды көрсету)

Мақсаты: Балаларды жылдамдық пен шапшаңдыққа баулып, фотографиялық есте сақтау қабілеттерін арттыру.

Көрнекі құралдар: тақта, сандар.

Әдіс-тәсілі:

Жаңа сөздер:флеш-карта.

Барысы: Флеш-карта ойыны балалардың фотографиялық есте сақтау қабілеттерін арттырып, зейіндерін шоғырландыруға септігін тигізеді. Ал, балалар қазір мен сендерге карточкаларды көрсетемін, сендер маған бұл қандай сандар екенін айтасыңдар. (1-15 дейінгі сандар)

Кері байланыс: абакуста екі таңбалы әр түрлі сандарды көрсетіп, әр баладан «Бұл қандай сан?» деп сұрау қажет. Барлығы да жаңа материалды түсініп алғанына көз жеткізу керек.

17.02. 2021 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Логикалық тапсырмалар.

Мақсаты: Балалардың логикалық есте сақтау қабілеттерін дамыта отырып өз-өзіне деген сенімділіктерін арттыру.

Көрнекі құралдар: тақта

Әдіс-тәсілі: оқу, сұрақ-жауап

Жаңа сөздер: акробат

Барысы:Кел балалар, ойнайық!

Ойнайық та ойнайық

Қандай есеп болса да,

Шешпей оны қоймайық.
Қанекей балалар ойын ойнайық!
Табыңдаршы қиналмай,
Акробат цифр бұл қандай?
Үшке кеміп қалады,
Төбесімен тұрғанда.

«Бестікке» қара, енді,
Көзіңді байлай жөнелді.
Айналып кетіп алдыңда,
«Екілік шыға келеді»

Шомылып жүр үшеуі,
Жағалауда алтауы.
Балалардың барлығын,
Санап берші, сен тауып?

24.02. 2021 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы:Флеш картамен жұмыс(1-20 дейінгі карталарды көрсету)

Мақсаты: Балалардың фотографиялық есте сақтау қабілеттерін арттырып, зейіндерін шоғырландыру. Жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу.

Көрнекі құралдар: флеш-карта.

Әдіс-тәсілі: көрсету, ойын.

Жаңа сөздер:флеш карта.

Барысы:Флеш картамен жұмыс. Флеш карта ойыны балалардың фотографиялық есте сақтау қабілеттерін арттырып, зейіндерін шоғырландыруға септігін тигізеді.

Ал, балалар қазір мен сендерге карточкаларды көрсетемін, ал сендер бұл қандай сандар екенін айтасыңдар. (1-20 дейінгі сандар)

Кері байланыс: абақұста бір таңбалы сандарды көрсетіп, әр баладан «Бұл қандай сан?» деп сұрау қажет. Барлығы да жаңа материалды түсініп алғанына көз жеткізу керек.

03.03. 2021 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Жылдамдыққа жаздыру жаттығуы. (1-9, 9-1 сандар)

Мақсаты: Балаларды жылдамдық пен шапшаңдыққа баулып, сандарды ретімен жазуға үйрету.

Көрнекі құралдар: тақта, сандар, дәптерлер, қарындаштар.

Әдіс-тәсілі: жаттықтыру.

Жаңа сөздер:жылдамдық.

Барысы: Тақтаға 0-9, 9-0 сандарды жазу.

-Балалар, осы сандарды өздеріңнің тез жазуға арналған №1 дәптерлеріңе жазып алыңдар. Әр сан өз тор көзінде, бір тор көзіне екі сан жазуға болмайды. Сандардың арасында бос тор көз қалдырмаймыз. Жазып алдыңдар ма? Өте жақсы. Енді мен секундомер аламын. «Бастаймыз» деген кезде, сендер былай жазыңдар: 0 1 2 3 4 5 6 7 8 9

0 1 2 3 4 5 6 7 8 9

0 1 2 3 4 5 6 7 8 9

-Әр санның астына дәл сол сан жазылу керек. Көп сан жазуға тырысыңдар!

Содан соң көреміз бір минут ішінде қанша сан жаздыңдар. (Команда береміз)

-Енді біз қалай санаймыз? Бірінші жолды біз санамаймыз, себебін білесіңдер иә балалар. Келесі жолдарды санаймыз. (сол кезде балаларға ескертулер айтамыз, дұрыс әдемі жаз деп немесе арасынан жол тастамаймыз деп т.с.с.)

10.03. 2021 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы:Ментальды есептеу (1-ден-10-ға дейінгі сандар)

Мақсаты: Балалардың өз-өздеріне деген сенімділіктерін арттырып, арифметикалық есептерді ойша есептеуге үйрету.

Көрнекі құралдар: абакүс.

Әдіс-тәсілі: оқу, сұрақ-жауап.

Жаңа сөздер:ментальды есептеу

Барысы:Ментальды есептеу. Ментальды есептеу барысында балаларға барлық абакүсты елестету қажет емес. Оларға тек пайдаланылатын тастарды елестету жеткілікті.

Бала тастарды елестетумен қатар сезінгені дұрыс.

Ескерту: балалар саусақтарымен дұрыс жасап жатқанына назар аударыңыздар. Дұрыс ментальды есептеу үшін барлық балалар сандарды дұрыс қосыпазайта білу керек. Ментальды есептеуге арналған мысалдар, есту жаттығулары секілді орындалады.

17.03. 2021 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы:Логикалық тапсырмалар

Мақсаты: Балалардың логикалық есте сақтау қабілеттерін дамыта отырып өз-өзіне деген сенімділіктерін арттыру.

Көрнекі құралдар: тақта, суреттер.

Әдіс-тәсілі: оқу, сұрақ-жауап.

Жаңа сөздер: талпынба, мәнді.

Барысы:

Доңғалақ сынды күлшеге,
Мүйізше қойдым мен неге?
Жеп қоям деп талпынба,
«Алтылық» тұр ғой көрдің бе?
Бұл санға да ал үлгі,
Қар адамы кәдімгі.
Қыс түссе болды аулада,
Келтіріп тұрар сәніңді.
Бір ғана саған тапсырма
Үшінші «басты» жапсырма!
Мәнділеу менің тұрағым,
Үш «үшті» алып жығамын.
Басымды төмен қаратсам,
«Алтылық» болып шығамын.
«О» деген әріп пішінде,
Нем бар оның ішінде.
«Бірлікті» қойсақ қасына,
Он саусақ болар расында
Жетпейді бұған қалғаны,
Аз емес, «онның салмағы»

31. 03. 2021 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Екі таңбалы сандарды қосу және азайту

Мақсаты: Балаларды абакүспен жұмыс жасауға үйрету. Зейіндерін шоғырландыру және ақпаратты тез қабылдау қасиеттерін дамыту. **Көрнекі құралдар:** тақта, абакүс, маркер.

Әдіс-тәсілі: көрсету, қайталау.

Жаңа сөздер: абакүс.

Барысы: Нұсқаушы демонстрациялық абакүста көрсетеді, ал балалар ментальды түрде қайталайды. Бірінші шиде 1-ден 9-ға дейінгі сандар орналасқан. 10, 20, 30, 40, 50 сол шидің сол жағындағы көршілес шиде орналасқан.

Бұл шиде сол қолдың бас бармағымен және сұқ саусағымен жұмыс істеу керек. Абакүстың төменгі бөлігіндегі тастарды сол қолдың бас бармағымен қосып сұқ саусағымен азайтамыз. Абакүстың жоғарғы бөлігіндегі тастарды көлденең сызыққа қосу және азайтуды сол қолдың сұқ саусағымен жасау керек.

Кері байланыс: абакүста екі таңбалы әр түрлі сандарды көрсетіп әр баладан «Бұл қандай сан?» деп сұрау қажет. Барлығы да жаңа материалды түсініп алғанынан көз жеткізу керек.

07.04. 2021 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Флеш-картамен жұмыс (1-30 дейінгі карталарды көрсету)

Мақсаты: Балалардың фотографиялық есте сақтау қабілеттерін арттырып, зейіндерін шоғырландыру. Жылдамдық пен шапшаңдыққа баулу.

Көрнекі құралдар: флеш-карта.

Әдіс-тәсілі: көрсету, ойын.

Жаңа сөздер: флеш-карта

Барысы: Флеш-картамен жұмыс.

Флеш карта ойыны балалардың фотографиялық есте сақтау қабілеттерін арттырып, зейіндерін шоғырландыруға септігін тигізеді.

Ал, балалар қазір мен сендерге карточкаларды көрсетемін, ал сендер бұл қандай сандар екенін айтасыңдар. (1-30 дейінгі сандар)

Кері байланыс: абакүста бір таңбалы сандарды көрсетіп, әр баладан «Бұл қандай сан?» деп сұрау қажет. Барлығы да жаңа материалды түсініп алғанына көз жеткізу керек.

14.04. 2021 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Ойын: «Ұқсасын тап»

Мақсаты: Балалардың ойын арқылы логикалық ойлау, зейіндерін шоғырландыру. Ойша есептеуге үйрету.

Көрнекі құралдар: түрлі кескінді суреттер, түрлі-түсті қарындаштар, тақта.

Әдіс-тәсілі: түсіндіру, ойлау, іздену.

Жаңа сөздер:

Барысы: Балалар, бүгін біз сендермен өте бір қызықты да қиын тапсырманы орындаймыз.

Қазір мен сендерге ақ парақты қағазды таратып беремін, онда неше түрлі суреттер бейнеленген. Ал сол суреттің сыртқы айналасында бірнеше майда суреттер бейнеленген. Сол майда суреттерді суреттің ішінен тауып түрлі-түсті қарындаштармен бояймыз.

21.04. 2021 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Бір мезеттегі жоғарғы және төменгі тастардың жай жағдайы.

Мақсаты: Балалардың математикаға деген қызығушылығын арттыру. Абакуспен жұмыс істеу техникасын жаттықтыру.

Көрнекі құралдар: тақта, абакус.

Әдіс-тәсілі: жаттықтыру.

Жаңа сөздер: абакус, сұқ саусақ.

Барысы: Тақтаға $1+6-5$, $2+7-6$ мысалдарын жазамыз.

Демонстрация (абакусте көрсету)

Түсіндіру: $1+6$, бізде 1 тас бар, осыған енді тағы 6 қосу керек, яғни абакустың жоғарғы бөлігінен 5-ті, ал төменгі бөлігінен 1-ді оң қолдың сұқ саусағымен бас бармағымен бір мезетте көлденең сызыққа қарай қосамыз (Балалар осындай жағдайда тек қана 5-ті қосып қою мүмкін, сол себепті өте мұқият қарап толықтай түсіндіру керек). Алу 5 (оң қолдың сұқ саусағымен аламыз)

$2+7$ бізде 2 тас бар, осыған енді тағы 7 қосу керек, яғни абакустың жоғарғы бөлігінен 5-ті, ал төменгі бөлігінен 2-ні оң қолдың сұқ саусағы мен бас бармағымен бір мезетте көлденең сызыққа қарай қосамыз. (Балалар осындай жағдайда тек қана 5-ті қосып қою мүмкін, сол себепті өте мұқият қарап, толықтай түсіндіру керек). Алу 6, яғни көлденең сызықтан абакустың жоғарғы жиегіне қарай 1-ді оң қолдың сұқ саусағымен бас бармағымен бір мезетте алу керек.

28.04. 2021 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Флеш-картамен жұмыс (1-40 дейінгі карталарды көрсету)

Мақсаты: Балалардың фотографиялық есте сақтау қабілеттерін арттырып зейіндерін шоғырландыру. Жылдамдық пен шапшаңдыққа баулу.

Көрнекі құралдар: флеш-карта

Әдіс-тәсілі: көрсету, ойын.

Жаңа сөздер: флеш карта

Барысы: Флеш картамен жұмыс.

Флеш карта ойыны балалардың фотографиялық есте сақтау қабілеттерін арттырып, зейіндерін шоғырландыруға септігін тигізеді.

Ал, балалар қазір мен сендерге карточкаларды көрсетемін, ал сендер бұл қандай сандар екенін айтасыңдар екенін айтасыңдар. (1-40 дейінгі карталар).

Кері байланыс: абакуста бір таңбалы сандарды көрсетіп, әр баладан «Бұл қандай сан?» деп сұрау қажет. Барлығы да жаңа материалды түсініп алғанына көз жеткізу керек.

05.05. 2021 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Екі таңбалысандар 11-55. Сол қолмен жұмыс істеу.

Мақсаты: Балаларды жылдамдық пен шапшаңдыққа баулып, фотографиялық есте сақтау қабілеттерін арттыру.

Көрнекі құралдар: тақта, абакүс

Әдіс-тәсілі: көрсету, түсіндіру.

Жаңа сөздер:

Барысы:(Нұсқаушы демонстрациялық абакүсте көрсетеді, ал балалар менталды түрде қайталайды)

Түсіндіру: Бірінші шиде 1 ден 9 ға дейінгі сандар орналасқан. 10, 20, 30, 40, 50, 60, 70, 80, 90 сандары ортаңғы шидің сол жағындағы көршілес шиде орналасқан.

Екі таңбалы әр түрлі сандарды қосу және азайту. Абакүстың төменгі бөлігіндегі тастарды сол қолдың бас бармағымен қосамыз, сұқ саусақпен азайтамыз. Абакүстың жоғарғы бөлігіндегі тасты сол қолдың сұқ саусағымен қосып және сұқ саусағымен азайтамыз.

Кері байланыс: абакүсте екі таңбалы әр түрлі сандарды көрсетіп, әр баладан «Бұл қандай сан?» деп сұрау қажет. Барлығы да жаңа материалды түсініп алғанына көз жеткізу керек.

12.05. 2021 ж

Білім саласы: Таным

Ментальды арифметикалогикалық ойындар

Тақырыбы: Флеш-картамен жұмыс (1-50 дейінгі карталар)

Мақсаты: Балалардың фотографиялық есте сақтау қабілеттерін арттырып зейіндерін шоғырландыру. Жылдамдық пен шапшаңдыққа баулу.

Көрнекі құралдар: флеш-карта

Әдіс-тәсілі: көрсету, ойын.

Жаңа сөздер:флеш карта

Барысы:Флеш картамен жұмыс.

Флеш карта ойыны балалардың фотографиялық есте сақтау қабілеттерін арттырып, зейіндерін шоғырландыруға септігін тигізеді.

Ал, балалар қазір мен сендерге карточкаларды көрсетемін, ал сендер бұл қандай сандар екенін айтасыңдар екенін айтасыңдар. (1-50 дейінгі карталар).

Кері байланыс: абакүсте бір таңбалы сандарды көрсетіп, әр баладан «Бұл қандай сан?» деп сұрау қажет. Барлығы да жаңа материалды түсініп алғанына көз жеткізу керек.

19.05. 2021 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Логикалық тапсырмалар

Мақсаты: Балалардың логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыта отырып өзіне деген сенімділіктерін арттыру.

Көрнекі құралдар: тақта

Әдіс-тәсілі: оқу, сұрақ-жауап

Жаңа сөздер: шымда тұр, сүңгіп

Барысы:

Ішпейді екен көжені,

Қоянның қос көжегі.

Бұған тағы қосайық.

Дән шоқитын шөжені.

Екі көжек, балапан –

Бәрі қанша, балақан?

Қателессең байқамай,

Тағы қайта санатам

Үш алманы бақтағы,

Кірпі барып жинады.

Ең әдемі тәттісін,

Ақ тиінге сыйлады.

Ыдыстағы алманың,

Санап көрші қалғанын! (2)

Құмырсқалар еңбекшіл,

Ұйымшыл және ол көпшіл

Екеуі жүр дән тасып,

Екеуі шөпке жармасып

Сонда шырша түбінде

Нешеу болды, санап шық?

Ішпейді екен көжені,

Қоянның қос көжегі.

Бұған тағы қосайық

Дән шоқитын шөжені.

Екі көжек, балапан –

Бәрі қанша, балақан?

Қателессең байқамай,

Тағы қайта санатам. ($2+1=3$)

Үш құрбақа батыр ма,

Үш ноянға татыр ма?

Қоян көріп жағадан,

Қашып бара жатыр ма?

Қоян қорқып құмда тұр.

Бұзау үркіп шымда тұр.

Сүңгіп кетсе екеуі,

Нешеу екен шын батыр? (Жауабы: $3-2=1$)

Кірпі ертең той жасамақ

Болғандықтан шақырмақ

Екі қонжық, үш көжек

Бес тиінді ертерек
Айтшы бәрін қостағы
Қанша кірпі достары. $(2+3+5=10)$
Дүкеннен сабын алдым
Оның және қабын алдым
Екі дәптер, бір қарындаш
Тіс ысқышты тағы алдым
Есептеші сонда бәрін
Қанша болады қолда барым? (6)

26.05. 2021 ж

Білім саласы: Таным

Менталды арифметика логикалық ойындар

Тақырыбы: Флеш-картамен жұмыс (1-100 дейінгі карталарды көрсету)

Мақсаты: Балалардың фотографиялық есте сақтау қабілеттерін арттырып зейіндерін шоғырландыру. Жылдамдық пен шапшаңдыққа баулу.

Көрнекі құралдар: флеш-карта

Әдіс-тәсілі: көрсету, ойын

Жаңа сөздер: флеш карта

Барысы: Флеш картамен жұмыс.

Флеш карта ойыны балалардың фотографиялық есте сақтау қабілеттерін арттырып, зейіндерін шоғырландыруға септігін тигізеді.

Ал, балалар қазір мен сендерге карточкаларды көрсетемін, ал сендер бұл қандай сандар екенін айтасыңдар екенін айтасыңдар. (1-100 дейінгі карталар).

Кері байланыс: абакуста бір таңбалы сандарды көрсетіп, әр баладан «Бұл қандай сан?» деп сұрау қажет. Барлығы да жаңа материалды түсініп алғанына көз жеткізу керек.

МКҚК «Бүлдіршін» бөбекжай балабақшасы



Вариативтік компонент

«Қол еңбегі»

Мектепалды даярлық «Балдырған» тобы

2020 -2021

Тәрбиеші: Г. Бахтиярова

Қ. Нуримбетова

Мәнерлеп оқу

Күні 03. 09. 2020

Тақырыбы: Балабақша Р. Есенбаева

Мақсаты: Өлеңді мақамына келтіре оқуға үйрету.

Балабақша есігін,
Сәби болып ашқанбыз.
Балапандай мәпелеп,
Өсіреді бақшамыз
Балабақша базарлы үй
Көшедегі ажарлы үй
Шаттығы бар шуақты
Өз үйіміз сияқты.
Бұл екінші үйіміз
Бір туғанбыз бәріміз
Біз осы үйдің гүліміз
Біз осы үйдің сәніміз
Ойыншықты жинаймыз
Бөбектерге сыйлаймыз
Өнер-білім үйреткен
Бақшамызды қимаймыз.

Күні 10. 09. 2020

Тақырыбы: Досым артық өзімнен М. Әлімбаев

Мақсаты: Өлеңнің мазмұнын айтуға, мәнерлеп оқуға дағдыландыру.

Досым артық өзімнен!
Мен «Екі» алсам, жүреді,
Ол қызарып үнемі.

Көріспесек екі күн,
Білем дереу жетуін.
Сөзде берік тұрады,
Айтқан жерден шығады.
Аянбайды ауырдан,
Аямайды бауырдан.
Жұмыс десе тым құмар:
Екі айттырмай тындырар,
Өзім жиі сеземін,
Жатсынбайды адамды,
Жақтырмайды жаманды.
Қолғабысқа әрдайым,
Менің досым дап-дайын.
Үсті-басы тап-таза,
Міне, осындай Баққожа!
«Мен артықпын!» - демейді,
Жебер жерде жебейді.

Күні 17. 09. 2020

Мәнерлеп оқу

«Доп» Ұ. Есдәулетов

Мақсаты: тілдерін дамыту, сөздік қорын байыту.

Добым, добым, домалақ

Тоқтамайсың домалап.

Үстел үстін бүлдірдің

Ыдыстарды сындырдың,

Тентек болып кеттің деп

Тұрмын сені тепкім кеп.

Күні 24. 09. 2020

«Көбейсін жасыл көшелер» М. Зайтов

Мақсаты: Өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету.

Үйеңкі, терек, қарағай...

Бойлай өсті күн сүйіп.

Көшеміз де жағалай

Жасыл шапан тұр киіп.

Көкке қарай бойласын,

Терең тартып тамырын.

Көк желекке орансын

Менің туған ауылым.

Күні 01. 10. 2020

Мәнерлеп оқу

«Комбайншы боламын» Б. Ғанибаев

Мақсаты: Өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету.

Еңбек етуге талпынған,

Жаны игі жарқын жан.

Комбайншы жүр әне,

Қырмаға үйіп алтын дән.

Отанымның алабын,

Сары алтынмен көмкерген.

Сол ағадай боламын,
Ер жетем де ертең мен.
Қызды қайнап ел ісі,
Қызыл қырман жер үсті,
Елдің тойлап жүргені,
Еңбегінің жемісі.

08.10. 2020

Вариативтік компонент

Мәнерлеп оқу

Тақырыбы: «Машина» Ұ. Есдәулетов

Мақсаты: Өлеңді мәнерлеп оқуға жаттықтыру, тілдің дыбысталу мәдениетіне тәрбиелеу.

Үлкен болдым десем, де
Ешім маған сенбейді.
-Жалғыз жүрме көшеде
Кікентайсың сен, - дейді
Үлкенмін ғой, міне, мен
Ойыншықтарды жинаймын.
Машинама мінер ем
Орындығыңа сыймаймын

15.10.2020

Вариативтік компонент

Мәнерлеп оқу

«Бағдаршам» Ә. Табылдиев

Мақсаты: Балалардың тілдерін дамытып, сөздік қорын байыту.

Ашса кезек үш көзін,
Айтты деп ұқ үш сөзін:
«Тоқта!»
«Сақтан!»
«Жол аштық!»
Жүрме жолға таласып.
Қызыл көзін ашқанда,
Сынық сүйем баспа алға,
Сары көзін ашқанда,
Қарап қалма аспанға,
Жасыл көзін ашқанда,
Өте бергін, жасқанба!
Көзін ашып-жұмады,
Бағыт сілтеп тұрады.

22.10.2020

Вариативтік компонент

Мәнерлеп оқу

«Күзде» Е. Елубаев

Мақсаты: Балалардың тілін дамыту, сөздік қорын молайту.

Қайтқан құсты көрдің бе,
Қайтпай ұшқан әуелеп,
Күткен күзім, келдің бе,
Сыңсып бағың мәуелеп.

Қамба толды астыққа,
Алғыс саған, алтын күз!
Бір уыс дән шаштық та,
Қап-қап қауын алдық біз.

05.11.2020

Мәнерлеп оқу

«Әдептілік әліппесі» А. Асылбеков

Мақсаты: Балаларды әдепті болуға, жаман әдеттерден аулақ болуға үйрету.

Атам маған әменде
Әдепті бала бол деген.
Ата сөзі санамда,
Жасы үлкенге жол берем.
Алдын орып кісінің,
Кесіп өтпей көлденең.
Ізетімен кішінің
Сәлемдесіп қол берем.
Атам маған әменде
Кішіпейіл бол деген.
Ата сөзі әменде
Мақтанбауды жөн көрем.
Өзгелерден өзімді
Санамаймын жоғары.
Артық айтып сөзімді,
Желпінгенім жоқ әлі.
Атам маған әменде
Әділетті бол деген.
Ата сөзі санамда
Жүрем тура жолменен.
Қалдыратын ұятқа
Жалғыз сөзге төзбеймін.
Жеткізеді мұратқа,
Тек шындықты көздеймін.

12.11.2020

Мәнерлеп оқу

«Жемістер жыры»

Мақсаты: балалардың тілін дамыту, сөздік қорын молайту.

Алма:

Нарттай қызыл алмам бар,

Мәз болады алғандар.

Жазда әдемі киінем,

Тілді балдай үйірем.

Өрік: Көктемде ерте гүлдеймін,

Кешігуді білмеймін.

Піспей тұрған кезімде

«Менен аулақ жүр», - деймін. **Р. Қунақова**

Шие: Тіл үйірген шырыным,

Жемістердің бірімін.

Мен маржандай шиемін,

Ұнатамын күн нұрын. **Н. Жанаев**

19.11.2020

Мәнерлеп оқу

«Көмек» Е. Ашықбаев

Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыту және оны белсенді қолдану дағдысын жетілдіру.

Таза ұстаймын үйімді,

Менен жұмыс қала ма?

Ілгішке іліп киімді

Көмектесем мамама.

Елгезекпін – бұл анық,

Мамамды мен сыйлаймын.

Білегімді сыбанып

Ыдысты да жинаймын.

26.11.2020

Мәнерлеп оқу

«Кім болам?» Ж. Саин

Мақсаты: Сөздегі дыбыстарды таза, анық айтуға машықтандыру.

Мен ер болам, ер болам,

Ермен ертең тең болам.

Айбыным желдей есілген,

Уытты болам, өр болам.

Мен кішкентай балғын жас,
Алтын таңмен аралас,
Мектепке қадам басамын.
Оқуда алда, істе алда,
Үлгімін барлық ұланға,
Тасамын, судай тасамын!
Ертең, ертең ер жетем,
Ер боламын, күн болам!
Жарқыраған жайнаған
Күн нұрымен бір болам!
Елді, Отанды қорғайтын
Батыр ұлан мен болам!

03.12.2020

Мәнерлеп оқу

«Ата» С. Мұқамбетұлы

Мақсаты: Өлеңнің мазмұнын талдауға, мәнерлеп оқуға жаттықтыру.

Саяла аппақ сақалын,
Аяла, дос қатарын.
Ойланбастан орында
Айтқаны заң – атаның.
Көп асықтан ататын,
Танығандай сақасын.
Білу керек бар бала
Жатқа жеті атасын.

10.12.2020

Мәнерлеп оқу

«Туған ел» Т. Әлімқұлов

Мақсаты: Өлеңнің мазмұнын талдауға мәнерлеп оқуға жаттықтыру.

Байтақ дала – туған жердің,
Қымбат маған әр тасы.
Өзен, көлі, самал желі,
Асқар тауы баршасы.
Еркелеуім сенің арқаң ,
Сенің арқаң туған ел,
Қасиетіңнен айналайын ,
Туған елім – кең далам.

24.12.2020

Мәнерлеп оқу

«Отаным менің кең-байтақ» Қ. Шаңғытбаев

Мақсаты: Сөздік қорын молайту, танымдық қызығушылығын арттыру.

Жайнаған сансыз қаласы,
Жайқалған жомарт даласы.

Ел – Отан біздің кең-байтақ,
Отанның біздер баласы.

Отан – асыл анамыз,
Ана сүтін ақтаймыз.
Есейгенде ер болып,
Елді жаудан сақтаймыз.

Арайлап таңы атады,
Жұлдызы жарық шашады.
Еседі шалқып самалы,
Көлдері көлбеп жатады.

31.12.2020

Мәнерлеп оқу

Тақырыбы: Ей, бас қалам – Астанам! А. Сейтақ

Мақсаты: Сөздік қорын байыту, өлеңді мәнерлеп оқу.

Қадамың бар баспаған,
Асуың бар аспаған.
Халқым жетсін мұратқа,
Ей, бас қалам – Астанам!
Тың жолдарды баспаған,
Жалған атын тастаған.
Қайта түлеп, құлпырған,
Ей, бас қалам – Астанам!
Жас – Астана – жас ғалам,
Тарихың бар ашпаған.
Ордасы бол ойшылдың,
Ей, бас қалам – Астанам!

14.01. 2021

Мәнерлеп оқу

«Аю» И. Токмакова

Мақсаты: Балалардың тілін дамыту, сөздік қорын молайту.

Тауға шықсаң – қалың қар,
Сайға түссең – қалың қар,
Шырша үсті қалың қар.
Байқаңдар, қар астында
Ұйықтап жатқан аю бар

21.01. 2021

Мәнерлеп оқу

«Тырналар» Қ. Баянбаев

Мақсаты: Балалардың сөздік қорын дамыту. Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.

Аспанда самғайды,
Тырналар тізіліп.

Біреуі қалмайды
Қатардан үзіліп.
Сақтайды сапарда.
Бірлікті кім мұндай.
Бұзылмас қатары,
Кәдімгі шынжырдай.

28.01. 2021

Мәнерлеп оқу

Вариативтік компонент

Мәнерлеп оқу

«Қаңтар» Н. Әлімқұлов

Мақсаты: Тақпақты мәнерлеп оқып жаттауға көмектесу.

Лебі мұздай ызғарлы,
Алып келді қыс қарды.
Қысқа түндер ұзарды,
Ұзақ күндер қысқарды.

Аяз сүйіп қарсы алған,
Жердің аппақ тұлғасы.
Қыстың айы – Қаңтардан
Басталады жыл басы.

04.02. 2021

Вариативтік компонент

Мәнерлеп оқу

Тақырыбы: «Бұлт» Ә. Табылдиев

Мақсаты: Сөздегі дыбыстарды таза, анық, айтуға машықтандыру.

-Бұлт –ау, көктен төнесің ,
Қайдан көшіп келесің ,
-Мұхит үрлесе, желемін!
Жел үрлесе, желемін!
-Қайдан қалай нәр алдың?
-Теңіз, мұхит суданмын,
Бу боп судан туғанмын!
-Ақсың, сұрсың, қарасың,
Қалқып қайда барасың?
-Жерге нөсер төгемін,
Өссін гүлдер, көп егін!
-Гүл-гүл жайнап өсер көк,
Нөсерлетсең , нөсерлет!

11.02. 2021

Мәнерлеп оқу

«Тікұшақ» Н. Айтов

Мақсаты: Таныс дыбысты сөзде ажырата білуге үйрету

Шарлайды даланы,
Шолады шалғайды.
Геолог ағаны
Көтеріп самғайды.
Малшыға көмекке,
Қолма-қол келеді,
Дәрігер керек пе –
Жеткізіп береді.
Боранда, желде де
Ұшудан тынбайды,
Кез келген жерге де
Қонуға ыңғайлы,
Көліктер жүрісін
Бақылар, жол қарап
Тікұшақ – біз үшін
Таптырмас қолқанат.

Күні 18. 02. 2021

Мәнерлеп оқу

Тақырыбы: «Почташы» Е. Ескендіров

Мақсаты: Өлеңді мәнерлеп оқу. Балалардың сөздік қорын дамыту.

Күні бойы жол жүріп,

Көрген емес болдырып.

Қайтады үйге алғысты,

Қапшығына толтырып.

«Телефон» К. Чуковский

аударған Қ. Мырзалиев

Күні 25. 02. 2021

Тақырыбы: «Мен дәрігер боламын» Ө. Тұрманжанов

Мақсаты: Өзі ұнатқанмамандығы жөнінде түсінігін тереңдетіп, қызығушылығын арттыру.

Ақ халатты киемін,

Аппақ болып жүремін.

Аппақ болып жүргенді,

Өзім жақсы сүйемін.

Дәрігермін мен деймін,
Кәрі әжемді емдеймін.
Көп-көп ішіп дәріні,
Кәрілікті жең деймін.

Құрылысшы Ә. Мұханов

Зәулім мектеп, алаңы,
Көркем үйлі қаланы,
Балалардың бақшасын
Құрылысшылар салады.
Мәрмәртасты діңгекті,
Театрды көрнекті
Әсем ою, өрнекті
Құрылысшылар салады.

Күні 04. 03. 2021

Бата М. Мақатаев

Мақсаты: Өлеңнің мазмұнын айтуға, мәнерлеп оқуға дағдыландыру.

... Ұлыс оң болсын!
Ақ мол болсын.
Қайда барсаң жол болсын,
Ұлыс бақты болсын,

Төрт түлік ақты болсын.
Ұлыс береке берсін,
Бәле-жала жерге енсін!
Ұлыс күні қазан толса,

Ол жылы ақ мол болар.
Ұлы кісіден бата алса,
Сонда олжалы жол болар.
Қыс өтіп, қар кетіп,

Шырайлы жаз жетіп.
Шаруаның кенелген
Мейрамы ежелден
Құтты болсын, бұл наурыз!

Күні 11. 03. 2021

Тақырыбы: «Дала» С. Сейфуллин

Мақсаты:балалардың тілін дамыту, сөздік қорын молайту.

Құшағын жайған кең дала
Төсін ашқан анадай.
Қаладан келген сағынып,
Бейне бір жас баладай.
Далаға келіп көк-жасыл,
Кестелі жібек көрпедей,
Жас балаша шаттанып,
Құлай кеттім еркелей.
Көк ала кілем – жасыл шөп,
Тамылжып иісін аңқытты.
Кеудеге толып жас иіс,
Тән мен жанды балқытты...

«Кетпе» деп тағы көк шалғын

Аяғыма оралды.

Жібермей бөгеп алдымды,

Майысып гүлдер бұралды.

18.03.2021

Тақырыбы: «Он саусақ» М. Әлімбаев

Мақсаты: Өлеңді мәнерлеп оқуға жаттықтыру, тілдің дыбысталу мәдениетіне тәрбиелеу.

Жалғыз саусақ тіпті де,

Ұстай алмас жіпті де,

Екі саусақ бірікті,

Ине қолға ілікті.

Үш саусағым орамды,

Жүгіртеді қаламды...

Өнерлі екен он саусақ!

Қала салсақ, жол салсақ.

25.03. 2021

Көктем деген немене?

Мақсаты: балалардың тілін дамыту, сөздік қорын молайту.

-Көктем деген немене?

-Көктем деген көп жаңбыр.

Әнге салып әуеде,

Қарлығаш ол тұрған бір.

Көктем деген – ашылған

Бұлақтардың көзі ғой.

Ақ тұманның басында

Жаңа туған қозы ғой.

Көктем деген – балалар

Құлыншақ қой зулаған,

Еркелеген далаға,

Құрық салсаң, тулаған.

Көктем деген қыстайғы

Әніміз ғой айтатын.

Көктем деген құстар ғой

Туған жерге қайтатын.

Күні 01. 04. 2021

Қызғалдақ О. Асқар

Мақсаты: Балалардың сөздік қорын байытумен бірге есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру.

Секілді екен қарасаң,

Дейді қалып бала таң.

Жапырағы өз гүлін,

Аялаған алақан.

Жігітте бар ма тұру жай?

Бұрды мойнын бұрудай.

Гүл көрінді көйлегі,

Сусып түскен сұлудай.

«Әсем гүл» деп бұл қандай?

Қараудан еш жүр қанбай.
Қызыл ернін сүйіріп,
Сүйіскелі тұрғандай.
Егде де өтпес таң қалмай,
Салтанатты сән қандай?
Көз тартар гүл жапанда,
Жалғыз шырақ жанғандай.
Түсте де таң қаласың,
Иісінен нәр аласың.
Көзін қадап көзіңе
Тұрма деп сұлу қаласың.

Күні 08. 04. 2021

Мәнерлеп оқу

Тақырыбы: «Ас атасы – нан» Ә. Қалдыбаев

Мақсаты: мәнерлеп оқуға жаттықтыру, тілдің дыбысталу мәдениетіне тәрбиелеу.

Нан қоқымын шашпаңдар,
Жерде жатса баспаңдар.
Теріп алып қастерлеп,
Торғайларға тастаңдар.
Нанда өмірдің иісі мен дәмі бар,
Нанда адамның еңбегімен ары бар.
Нан – өмірдің ана сүті, арқауы.
Нансыз жерде қай өмірдің сәні бар.

Күні 15. 04. 2021

Мәнерлеп оқу

Тақырыбы: «Бал арасы» С. Тойлыбаев

Мақсаты: үлкендердің еңбегін бағалауға, еңбексүйгіштікке баулу.

Ара, ара, аралар,

Гүл қауызын жағалар.

Оны баққан ағалар,

Шелек-шелек бал алар.

Ұшып кірсе қасыңа,

Сен тимесең, тимейді.

Қастығы жоқ досыңа.

Күні 22.04.2021

Мәнерлеп оқу

Тақырыбы: «Мен Азамат» Ә. Дүйсенбиев

Мақсаты: Балалардың тілін дамытып, сөздік қорын байыту.

Үйде жоқ анашым,

Үйде жоқ папашым,

Жинадым төсекті,

Суардым көшетті.

Сумкасын апамның,

Столын папамның

Қойдым мен тазалап,

Десін деп Азамат!

Тартпасын ашпадым,

Қағазды шашпадым.

«Мен азамат» деп алып,

Енді отырмын дем алып.

6. 05. 2021

Мәнерлеп оқу

Тақырыбы: «Бір шаңырақ астында» Н. Айтов

Мақсаты: Ауызбіршілікке, татулыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.

Бір шаңырақ астында,
Тату-тәтті тұрамыз.
Бірге ішеміз асты да,
Бірге сайран құрамыз.
Ортақ болып ісіміз,
Еңбек десе тынбаймыз.
Үлкен сыйлап кішіміз,
Аға ақылын тыңдаймыз.
Достықты үлгі санаған,
Бір үйде біз тұрамыз.
Қалған ата-бабадан,
Бірлік асыл мұрамыз!

13. 05. 2021

Мәнерлеп оқу

Тақырыбы: «Жеңіс күні»

Мақсаты: «Жеңіс күні» ерекесінің маңыздылығын түсіндіру.

Ойлап тұрдым көп,
Сауал бердім білгім кеп:
Қуанышты мереке –
Жеңіс күні қай күн? – деп
Атамнан да сұрадым
Папамнан да сұрадым.
Ағамнан да сұрадым,
Апамнан да сұрадым.
Тосты бәрі құлағын.
Дұрыс, - десті, - сұрағың!
Бейбіт күннің бәрі де –
Жеңіс күні, шырағым!

20.05.2021

Мәнерлеп оқу

Тақырыбы: «Жаз» С. Оспанов

Сөздік қорларын дамыту, дыбыстарды анық , нақты айтуға дағдыландыру.

Ауыл қонды жайлауға,

Дала жатыр жадырап.

Қой қаптады қойнауға,

Қозы лақтар жамырап.

Жаздың күні шуақты,

Ойда, қырда тамаша,

Сағым перде сияқты,

Жер аумаған алаша.

Жаз жайдары алақай,

Жатыр жайнап даламыз.

Жүр, қаненки, балақай,

Шомылуға барамыз.

27.05.2021

Мәнерлеп оқу

Тақырыбы: «Өшіргіш пен қарындаш» Қ. Мырзалиев

Мақсаты: Есте сақтау, түсіну, жаттау дағдыларын дамыту.

-Кемшілікті сүйемін,
Ешкімге бас имеймін.
Бұрысыңды өшірем,
Дұрысыңа тимеймін! –
Деді өшіргіш досына,
Сен не дейсің осыма?
Бұрысты рас, сүймейсің.
Дұрысқа рас, тимейсің.
Сол дұрысты бірақ та,
Мақтауды да білмейсің! –
Деді сонда Қарындаш,
Ойлайсыңдар, бұл да рас!

ЖШС «Қалдықыз ана» бөбекжай балабақшасы

БЕКІТЕМІН

«Қалдықыз ана» бөбекжай

балабақша меңгерушісі:

М.Б.Усербаева



ВАРИАТИВТІК КОМПОНЕНТ

«Кел айтайық ертегі, ертегі сыр шертеді.»

2020-2021 оқу жылы

Ортаңғы «Балдәурен» тобы

Мақсаты: Ертегіні түсіндіру барысында сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін, ойлау қабілеттерін дамыту. Сұраққа жауап беру арқылы өз ойларын жеткізе білу. Жақсылыққа тәрбиелеу. Ертегіні сахналай білуге үйрету.

Айы	Тақырыптар	Сағат саны
Қыркүйек	1«Құмырсқа мен Шегіртке.» 2 «Әтеш пен тоты» ертегісі 3 «Жеті лақ пен қасқыр» ертегісі. 4 «Ешкі мен жеті лақ» ертегісі	1 1 1 1
Қазан	1«Түлкі,Әтеш және Қоян» ертегісі. 2 . « Күлшеқыз»ертегісі 3. «Көкөністер дауы» ертегісі 4. «Не дәмді ?»	1 1 1 1
Қараша	1 «Ағаштар ұйықтай ма?» ертегісі. 2 «Күнбағыс» ертегісі 3. «Үйшік»ертегісі.	1 1 1
Желтоқсан	1. «Аю мен түлкі» ертегісі. 2. «Шалқан» ертегісі. 3. «Көкөністер дауы» ертегісі 4. « Маймақ қаз» ертегісі.	1 1 1 1
Қаңтар	1. «Түйені көрсе жылқы неге қалтырайды» ертегісі. 2.«Үш аю» ертегісі 3. «Төлдер айтысы» ертегісі. 4. . «Қысқы баспана» ертегісі.	1 1 1 1
Ақпан	1 «Шұбар тауық » ертегісі. 2 «Ақымақ қасқыр»ертегісі. 3 « Төлдер айтысы» ертегісі. 4. «Қоянның үйшігі» ертегісі.	1 1 1 1
Наурыз	1. «Егінші қоян» ертегісі 2. «Қырыққабат пен алма»ертегісі 3 «Алма »ертегісі 4 «Ай мен күн» ертегісі.	1 1 1 1
Сәуір	1 «Бір уыс мақта».ертегісі 2. «Ең қымбат байлық»ертегісі 3. «Еңбекпен тапқан нан тәтті». 4. «Қасқыр,түлкі,әтеш» ертегісі.	1 1 1 1
Мамыр	1 «Тату достар» ертегісі 2. « Ай мен күн»ертегісі. 3. «Көкөністер дауы» ертегісі 4. «Шұбар тауық » ертегіс	1 1 1 1
Барлығы		36

Күні 02.09.2020ж

Вариативтік компонент.Ортаңғы «Балауса» тобы.Тәрбиеші :Н.Отелова

Тақырыбы: Құмырсқа мен Шегіртке

Мақсаты:Балаларды жыл мезгіліндегі табиғат суреттерін суреттеуге

үйрету,топта бірге,өзара келісе жұмыс жасай біліуге тәрбиелеу,қимылмен іс-әрекетті көрсету қабілетін дамыту.Саусақ,қол-аяқ қимыл үйлесімділігін дамыту.

Керекті құралдар көрнекіліктер:қағаз,плакат,бояу,қылқалам,қайшы, түрлі қаламдар

Сабақ барасы: Қимылды қайтала жаттығуы.Тәрбиеші балаларға қарама-қарсы отырып көрсеткен қимылды қайталайды.Тәрбиеші саусақтарын кейде бүгіп, кейде түзу түрлі фигураларды жасайды.

Тәрбиеші біз саусақтарымызды жаттықтырдық,енді біз тыңдаған«Құмырсқа мен шегіртке» мысалын теартландыру үшін қажетті материалдар дайындайық.

Оқиға қай мезгілде болған еді?Жазда Шегіртке немен айналысты? Күзде қалай өмір сүреді?Қыс келгенде Шегіртке неге Құмырсқаға келді?Жаз,күз және қыс мезгілі.Ойнады,биледі,ән салды. Қыста жаурады ашықты.

Олай болса үш мезгілдің бейнесін құрастырайық.Ол үшін сурет құрастыру және жапсырумен айналысуымыз қажет.Сондықтан үш топқа бөлініп өзара жұмысты бөліп алайық.

1 топ жаз суретін,2 топ күз пейзаждық суретін,3 топ қыс суретінсалады.Балалар жаз,күз,қыс мезгілдерінің пейзажын дайындайды.

Сергектік ойын-жаттығу

Ұшады,Ұшпайды.

Тәрбиеші ұшатын затты атаса балалар қолын көтеріп ұшу қимылын көрсетеді,ұшпайтын затты атаса,қолдары төменде болады.Балалар құстар мен ұшатын заттар аталса қолдарын көтереді. Ойын: «Не қалай дыбыстайды?»

Күн қалай күркірейді?Тарс-тарс

Жаңбыр қалай жауады?Тырс-тырс

Су қалай ағады?Сылдыр-сылдыр

Құстар қалай дыбыстайды?Шиқ-шиқ

Шегіртке қалай шырылдайды?Шыр-шыр

Балалардан немен айналысқаны,ненің ұнағанын сұрау.Мадақтау.Балалар жауабы.

Күтілетін нәтиже:

Біледі:түрлі мазмұндағы қимыл әрекетті көрсетеді;

Меңгереді:қимыл-қозғалыс мәнері қалыптасады,әрбір құс ерекшелігін атайық.

Күні 09.09.2020ж

Вариативтік компонент.Ортаңғы «Балауса» тобы.Тәрбиеші :Н.Отелова

Тақырыбы:Әтеш пен тоты (жылжымалы папка)

Мақсаты:Ертегінің мазмұнын түсіну, өз түсінігімен әңгімелеу барысында сөздік қорын молайту,өйлеуге дағдыландыру. Құстар жайлы білімін кеңейту.

Әдіс -тәсілдері: Сұрақ-жауап, слайд көрсету,

Көрнекілігі:Іәтеш пен тоты суреті ,құстардың суреті

Билингвалды компанент: Әтеш-петух,тоты-папугай.

Сабақ барысы:

Таңғы жиын.

Таң әлі атқан жоқ,

Маңай әлі қараңғы.

Әтеш ерте ояанып,

Оятады баланы

Ку-ка-ре-ку, ку-ка-ре- ку,

Оятады баланы

Үнтаспа арқылы әтештің таңғы шақырған даусын тыңдату.

-Балалар бұл ненің даусы?

-Әтештің даусы

-Бұл қандай құс?

-Үй құсы .

Жұмбақ жасыру

Бұрап қойған сағаттай,

Айқайлайды таң атпай (әтеш)

Ертегі оқу : Әтеш пен тоты

Әтеш өте әдемі болыпты,ол өзі ешкіммен сөйлеспейді екен

Тоты кімнен киім сұрайды?

Әтештен сұрайды

Әтеш кіммен дос болыпты?

Әтеш пен дос болыпты

Қанатымды жазамын

Жоғары - төмен қаамын

Биік көкте ойналып,

Жұлдыздай жылдам ағамын,

Үй құстар немен қоректенеді?

Жем, шөппен қоректенеді.

«Айнытп сал» ойыны

Әтешке қарап ән салып,

Әнші болған балапан

Әтеш болып шақырып

Сақшы қане алақан.

Қорытынды:Балалар ертегіні тыңдап жұмақтың жауабын шешіп тақпақтарды айта білді.

Күні:16.09.2020ж

Вариативтік компонент.Ортаңғы «Балдәурен» тобы.

Тақырыбы: Жеті лақ пен Қасқыр.(ертегіні сахналау)

Мақсаты:Балаларды жұмсақ дыбыссыз жүруге аяқ ұшымен жүруге,бұлшық еттерін күшейтуге және бәсеңдетуді басқаруға үйрету.Есте сақтау қабілетін,қиялын дамыту.Театр ойындарын ойнауға қызығушылығын ояту.Қимыл-қозғалыс әсемдігін тәрбиелеу. Қажетті материалдар:ешкі үйі,ешкі,қасқыр,лақтар,костюмдер,атрибуттар,декорация материалдары.

Сабақ барысы:Жылулық шеңбері:балалар бір-біріне күлімдеп қарап жақсы тілектер айтады.

Тәрбиеші:сендердің көңіл-күйлерің қалай?

Сендер қалай жүресіңдер?

Қалай жүгіресіңдер?Түнде қалай ұйықтайсыңдар?Суда қалай жүзесіңдер?Қалай өлең айтасыңдар? Алысқа қалай қарайсыңдар?Қалай күлесіңдер.

Балалар бас бармақтарын мынандай деп көрсетеді. Балалар бір орнында жүріп көрсетеді.Балалар жүгірген,ұйықтаған қимылды көрсетеді.Қолдарын кезек-кезек алға көтеріп сермейді.Қолдарын шекесіне қойып қарайды.Балалар күледі.

Тәрбиеші:өкінішке орай барлық уақытта осындай жақсы көңіл күй бола бермейді.Мен бір кейіпкер білемін, ол үнемі ашуланып жүреді.Ол үнемі аш болады. Қалай ойлайсыңдар,ол қай ертегі кейіпкері?Ол қасқыр.Ешкі мен жеті лақ ертегісіндегі қасқыр.Олай болса,ертегі еліне барып қасқырдың көңіл-күйін жақсартайық.Ол үшін Ешкі мен оның лақтарын шақырайық.Балалар кейіпкерлерді шақырады.Олар бізге көмектеседі.Ешкі мен лақтар болып ойнайтын балалар перде артына өтеді.Ешкі үйі үй алдында жіп иіріп отырады.Екі лақ бір бірімен сүзісіп ойнауда,үшеуі қаласпақ ойнап жүр.

Ешкі:жеті лақым бар сүйікті де сүйкімді,барлығын өте жақсы көремін.Күн күлімдеп тұр екен, ойнай қойыңдар осы кезде ашулы қасқыр жүгіріп шығады.

Қасқыр:Мынау не айқай-шу,секірген,жүгірген біреулер,басым ауырып кетті сендердің шуларыңнан,қазір мен сендерді тез тыныштандырамын.Лақтардың қасына келіп жұдырығын түйіп,қорқытқан қимыл көрсетеді.

Ешкі:қасқыр,сені басқалар жақсы көру үшін,туған күнің болғанда сені құттықтауы үшін ашуланшақ болма, басқаларды қорқытпа.Қасқыр:қалай ашланбайын,менімен ешкім ойнағысы келмейді.Бәрі менен қорқады.Лақтар:Қасқыр кел бізбен бірге ойынға.Қасқыр балалармен бірге ойынға қатысады.

Ойыннан соң қасқырдың тағы көңіл-күйі түседі.

Қасқыр:мен сендерге сөз беремін,енді ашуланшақ болмаймын.Енді бірге би билейік.Қасқыр Ешкі және лақтармен бірге көңілді би билейді.

Ешкі:Қасқыр неге тағы көңілсізсің?Менің әжем әні.Менің әжем үйде жалғыз отыр.Балалар онда әжеге арнап өлең айтып берейік.Қасқырдың әжесі келеді.Барлық балалар:бізге келіп тұрыңыз деп ертегі кейіпкерлерімен қоштасады.

Ертегі ұнады ма?Несімен ұнады? Тағы қандай ертегіні жақсы көресіңдер? Балалар жауабы.

Күтілетін нәтиже:

Біледі:ертегі мазмұнын толық айтады;

Меңгереді:ертегі кейіпкерлері қимыл-қозғалыстарын көрсетуді

Күні 23.09.2020ж

Вариативтік компонент.Ортаңғы «Балдәурен» тобы.

Тақырыбы: Ешкі мен жеті лақ(ертегісін сахналау)

Мақсаты:Балалардың көркем шығармалар арқылы тіл байлығын ауыз екі сөйлеуін дамыту.Ертегілермен таныстыру.Ертегіні мәнерлеп,дауыс ырғағын келтіре отырып сөйлеу,рөлге бөліп ойнауға үйрету жұмысын жалғастыру.

Керекті құралдар: Үйшік,ешкі мен қасқыр,лақтардың костюмдері,қуыршақ.

Сабақ барысы:Жылулық шеңбері. Сәлеметсіңдер ме,балалар!

Мен сендерді көргеніме қуаныштымын.Музыка ойналады.Топқа орыстың ұлттық киімін киген қуыршақ кіреді.

Балалар тәрбиешімен сәлемдеседі.Қуыршаққа таңырқай қарайды. Ой, балалар қараңдар,бізге ерекше қонақ келіпті өзі көңілсіз,үндемейді. Не болды екен? Ұнтаспадан дауыс естіледі: Ха-ха-ха! Мен зұлым сиқыршымын! Ол енді ешқашан сөйлей алмайды, мен оны сиқырлап тастадым. Тек мен ғана оның сиқырын қайтара аламын,бірақ мен оны айтпаймын!

-Балалар енді не істесек болады?Қалай көмектессек болады?-Қане,онда амандасып көрейік,- деп шеңберде тұрады.

Жарқын,жарқын үніміз,

Болашақтың күніміз.

Балалық шақ үйінің.

Жайнап тұрған гүліміз.

Өлең жолдарын бірге айтып қуыршақпен амандасады.

-Сәлеметсің бе,қуыршақ!

Қуыршақ күлімдеп,балалармен амандасады.

-Сәлеметсіңдер ме!Мен ертегілер елінен келдім,сендерді орыстың халық ертегісімен таныстырғым келеді.Жүріңдер,сол ертегіге қонаққа барайық.Көздеріңді бір сәтке жұмып,отыра қалыңдар.Ертегіге қонаққа баруға қуана келіседі.

Бүгін біз, сіздермен бірге жеті лақ пен қасқыр ертегісін сахналауға шақырамын.Сахналауға қатысатын балалар ертегіні қойып береді. Балалар рөлдерді бөліп алады,ертегіні сахналайды.

Сергіту жаттығуы

Ертегі ұнады ма?

Ертегіге қай үй жануарлары қатысады. Ешкі және оның лақтары.

Дұрыс,ешкі және оның лақтары. Қазір онда жануарлар туралы .

«Отбасылар» деген ойын ойнайық.Балалар карточкадан әрбір жануардың отбасын топтастырып тауып береді.

Рөлді ойнаған кейіпкерлер сахнаға шығып айтады.

Шөре,шөре лағым,

Тентек болма шырағым.

Секендемей деміңді ал,

Селтендемей құлағың.

Күтілетін нәтиже:

Біледі:ертегі мазмұнын біледі;

Меңгереді:ойынға қатысып,үйлесімді қимыл орындайды

Күні 3.10.2020ж

Вариативтік компонент.Ортаңғы «Балдәурен» тобы.

Тақырыбы: Түлкі, Әтеш және Қоян (ертегісін сахналау)

Мақсаты:Театрланған қойлым арқылы балалардың тілін дамыту,байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту.Балаларды көркемдікке тәрбиелеу,майда,ұсақ моторикасын дамыту. Керекті құралдар:үйшіктер,қоян,түлкі,әтешатрибуттары. Сабақ барысы: Шаттық шеңбері:Қайырлы күн,досым!

Қайырлы күн болсын

Сәрсенбінің сәті

Сәттілікке толсын!

Біздің бала бақшамыз,

Қуанышқа толсын!Балалар шеңберге өлең мәтініне сәйкес қимылдар орындайды,өлеңді оқиды.

Балалар сендер жұмбақ шешуді жақсы көресіңдер ме?Онда мұқият тыңдайық:

Ит сияқты пішіні,

Ұнатпайды кісіні.(қасқыр)

Қалқиып ұзын құлағы,

Елеңдеп қорқып тұрады.(қоян)

Бұлаңдаған құйрығы,

Бір алдарлық қылығы.(түлкі)

Есік қағылып,әжей кіріп келеді.Балалармен амандасады.Балалардан әже ертегіні жақсы көресіңдер ме деп сұрайды.Әже қоржынында көптеген жануарлар бар екен айтып бір-бірлеп шығарып атап беруді ұсынады.Балалар қоян,түлкі,қасқыр,тышқанды атап береді.Әже қоржындағы ертегі кейіпкерлері туралы ертегіні айтып бергісі келеді.

Тәрбиеші:Олай болсатындайық,деп-балаларды ертегі тыңдауға отырғызады.Ол

Әтеш,қоян,түлкі ертегісі .Балалар ертегімен таныс екендерін айтады.Әже балалардан осы ертегіні сахналап беруді өтінеді.Балалар ертегіні сахналайды.

Сегіту сәті:Тәрбиеші:Ертегілерде қай жануарлармен кездестік?-Балалар,сол ертегі кейіпкерлері бір-бірінен адасып қалыпты.Оларды бір-бірін табуға көмектесейік.Балалар қиындылардан Қасқыр,Әтеш,Қоянд,Аю және Түлкіні тауып құрастырады.Оларды арнайы дайындаған ертегі еліне еөрсететін алаңқайға орналастырады. Жұптасып өлең оқу:Балабақша ойнатты,

Ойнаты да ойлатты.

Ана тілі сырына,

Тереңірек бойлатты. Қолды белге қою,екі жаққа теңселу,артқа шегіну,иіліп қолды жерге жеткізу.

Жануарлар туралы ертегілерді еске түсіру.Балалар жауабын тыңдау.

Күтілетін нәтиже: Біледі:ертегі мазмұнын баяндауды;

Меңгереді:мәнерлеп оқиды,ойынға қатысып,үйлесімді қимыл орнайды;

Күні 7.10.2020ж

Вариативтік компонент.Ортаңғы «Балдәурен» тобы.

Тақырыбы: «Не дәмді?» ертегісі

Мақсаты:Балалар тілін дамытуда көркемсөзді қолдану,диалогпен сөйлесе білу біліктерін жетілдіру.Сөйлемді есте сақтай отырып дауыс ырғағын көрсете айтуға дағдыландыру,сөздік қорын байыту.Жануарлар өмірі туралы түсініктерін ұлғайту.

Қойлымдарға керекті көрнекіліктер:жануарлар бейнесіндегі атрибуттар.

Сабақ барысы:Ойын: «Мен бастаймын, сен аяқта»

Алма...өседі.

Қызанақ...өседі.

Қауын...өседі.

Картоп ... өседі. Балалар:Бауда ағаш басында.Бақшада арық бойымен.Бақшада атыздарда.Жер астында өнім.

«Сипап сезіп атап бер»-дидактикалық ойын.Балалар дәндерді ажыратуы тиіс.Бірнеше қалташаға лобия,ноқат,жүгері,тары салынады.

Балаларға «Не дәмді»ертегісін еске түсіріп оқып беру:Балалармен жануарлар сөздерін диалогқа еніп қайталау.

Бір күні жануарлар не дәмді деп таласып қалыпты.Сөзді ала сиыр бастапты: -Шіркін,пішен мен таза жемге не жетсін!Содан дәмді бірде-бір тағам жоқ. Сонда қой маңырап жіберді:

-Иә,пішен жем жақсы-ақ,бірақ көк майса шөп болса,одан да жақсы.

-Арпа,сұлы дәмді емес пе,-дейді жылқы.Күтір-күтір шайнасаң аузыңнан дәмі кетер ме?

-Жоқ,сендер таба алмадыңдар.Сүт пен еттен дәмді ештеңе жоқ,- дейді мысық.Бұған иттің ызасы келіп:

-Сен босқа көкіме!-дейді.Ненің дімді екенін менен сұра. Сүйек дегенді білетін бе едің , кемік сүйектен дімді ештеңе жоқ.

Осы әңгімеге түйе қосылса,ол нені мақтар еді? Түйе жантақты мақтар еді. Балалар сонымен қайжануар нені жақсы көреді екен?Сендер нені жақсы көресіңдер? Балалар жауабы.

Ойын:«Жануарларды жекеше,көпше айту».Балалар:Сиыр-сиырлар,қой-қойлар,мысық-мысықтар, жылқы-жылқылар... Тіл ұстарту жаттығуы:ән-ән-ән

Қамба толы дән

Әжем айтқан ән

Құрып жүргің сән. Балалар қайталайды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі:ертегідегі жануарлар қорегін,жануарлардың жекеше,көпше айтады;

Игереді:жануарлар қимыл әрекетін сөзбен үйлестіре отырып көрсетеді;

Меңгереді:ойынға қатысып,үйлесімді қимыл орындайды

Күні 14.10.2020 ж

Вариативтік компонент.Ортаңғы «Балдәурен» тобы.

Тақырыбы: Күлшеқыз ертегісі

Мақсаты:Балаларды ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерінің жақсы-жаман жақтарының айырмашылықтарын білуге тәрбиелеу.Ертегі кейіпкерлерін ролге еніп сомдауға,дауыстарының айырмашылықтарын мезініп түсінуге үйрету.Ертегі кейіпкерлерін сомдау арқылы сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Керекті құралдар:ақ мата тартылған ширма тақта,ертегі кейіпкерлері костюмдері.

Сабақ барысы:

Тәрбиеші ортада жатқан құмыраны көреді,балалардан ол құмыраның қайдан келгенін сұрайды.Балалар білмейміз дейді.Тәрбиеші құмыраны шаң болып кетті деп сұртте бегенде,құмыранын ішінен Жын шығады. -Әміріңізге құлдық,мені мына қапастан шығарғаныңыз үшін сіздің тілегіңізді орындаймын.Тәрбиеші балалардан сұрайды:-Балалар Жыннан қандай тілек тілейміз?Сендердің қандай арман тілектерің бар?Балалар таң қалады.Күлше қыз ертегісіне саяхатқа барғысы келетіндерін айтады.

-Біз балалармен Күлшеқыз ертегісіне саяхатқа барғымыз келеді.Олай болса бізді ертегілер еліне жеткіз.

Балалардың алдынан Күлшеқыз шығады.

-Саламатсыңдарма?Балалар,сендер қайдан жүрсіңдер.Саламатсыңба?Күлшеқыз.Біз басқа елден Күлшеқыз ертегісіне саяхатқа келдік. -Күлшеқыз сен қайда асығып барасың?

-Балалар менің сендермен ойнауға уақытым жоқ,мені анам шақырып жатыр ол мені іздеп ашуланып отырған сияқты.(сол кезде Күлшеқыздың анасының даусы шығады)

-Күлшеқыз сен қайдасың,сен неге әле тамақ дайындамағасын?Мына қасыңдағы қандай балалар? Күлшеқыз:анашым бұл балалар басқа елден Күлшеқыз ертегісіне саяхатқа келіпті.Балалар Күлшеқыздың анасымен амандасып алады.

Анасы:Балалар Күлшеқыздың сендермен ойнауға уақыты жоқ.Ол тамақ дайындауы керек.Өздеріңнің елдеріңе қайтыңдар.Балалар:жарайды сау бол Күлшеқыз.(осы кезде-Күлшеқыздың өгей әпкелері кіріп келеді)

-Апа қарным ашты.Тамақ жегіміз келеді.(сол кезде Күлшеқыздың анасына хан сарайынан қоңырау шалынады)

-Алло саламатсызба? Бүгінгі хан сарайында өтетін кешке қатысуға шақырамыз.Кешке келген қонақтардың ішінен ханзада өзіне қалыңдық таңдайды.

